



МАРАПАТ



МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАРМЕН МАРАПАТТАДЫ

Мемлекет басшысы V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына атсалысқан азаматтарды мемлекеттік наградалармен марапаттады.

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Астана қаласында өткен V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының жүлдегерлері, олардың жаттықтырушылары, сондай-ақ халықаралық спорт шарасын ұйымдастыруға және өткізуге ерекше үлес қосқан азаматтар мемлекеттік наградалармен марапатталды.

Атап айтқанда, 1 адам «Парасат» орденінің және 7 азамат «Құрмет» орденінің кавалері атанды. «Ерен еңбегі үшін» медалі – 85 адамға, ал «Шапағат» медалі 5 адамға берілді.

МӘСЕЛЕ

ИНВАТАКСИ ИГІЛІГІ ҚОЛЖЕТІМСІЗ БОЛЫП ТҰР

Үкімет инватаксиді жетілдіріп жатыр. Бұл қызметтің игілігі де, кемшілігі де жетерлік. Ең басты бір мәселесі сол, мүгедектігі бар адам бұл таксиге дәл қажет бола қалғанда тапсырыс бере алмайды. Бір, тіпті бірнеше күн бұрын жазылуы тиіс. Проблеманы шешу үшін мемлекет алғаш рет такси агрегаторымен келісімге келді. Соның арқасында кемтар жандар «Яндекс.Такси» арқылы керек кезде такси шақыра алады. Басқа олқылықтардың орнын қалай толтырмақ? Неге қызмет көрсетушілер мен мүгедектердің ата-аналары арасында дау туындады?

(Жалғасы 5-бетте)



ЖЕТІСУЛЫҚТАР АЭС БАСТАМАСЫН ҚОЛДАЙДЫ

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев бастаған АЭС салуды қолдау жөніндегі халық штабының мүшелері Жетісу облысына келіп, өңір жұртшылығымен алдағы референдумға қатысты өзекті мәселелерді және энергетика саласын дамыту перспективаларын талқылады. Сапар барысында депутаттар сарапшылармен және қоғам қайраткерлерімен бірге облыстағы өндірістік кәсіпорындардың еңбек ұжымдарымен, сондай-ақ белсенді жастармен кездесті.

→ 3



БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

ЭНЕРГИЯ – ӨРКЕНИЕТ ӨРІСІ



Әлем төртінші өнеркәсіптік революция табалдырығында тұр. Заманауи озық технологиялар кезеңінің негізгі көзі – интернет пен энергия. Әсіресе, екіншісіз мақсат – негізсіз болады. Сондықтан ақылды қалалар концепциясын ілгерілетуді жоспарлаған мемлекеттер ең бірінші тұрақты электр энергия көздерін шешуді басымдық етуде.

→ 4



ФУТЗАЛ:

БІР ҮМІТ, БІР ӨКІНІШ

Қызығы мен шыжығы қоса жүрген биылғы футбол ойындарында біздің құрама өз сапарын аяқтады. Өзбекстанда өтіп жатқан догада жартылай финалға жолдаманы Қазақстан мен Аргентина құрамалары сарапқа салған еді. Тартысты ойында аргентиналық жігіттер басым түсіп, келесі кезеңге аяқ басты.

Футзал тарихында Аргентина – Қазақстан өз алдына 3 рет бәсекеге түсіпті. Бір жеңіс аргентиналықтардың еншісінде болса, бірі біздің жігіттерге тиесілі. Қалған үшінші ойында екі жақ тең тарқасқан. Жарысқа сакадай сай келген Оңтүстік Америка жігіттері бірінші минуттан бастап допты өз иеліктерінде ұстады. Кака шәкірттері Португалиямен кездесуден кейін ойын стилін өзгертіп, көбірек қорғанысқа бекінген. Өзбекстанның «Хумо арена» атты стадионы 12 мың адамға лық толды. Көршілес өзбек ағайындардың біздің құрамаға барынша қолдау көрсетіп жатқаны қатты қуантты. Иә, әр бұрыштан көк байрағымыз көтеріліп, «Алға Қазақстан!» деп ұрандап жатқан жанкүйердің дауысын естігенде рухың тасып кетеді екен.

→ 8

КҮНБАҒЫС ТА КЕТТІ КӨРШІГЕ



Экологиялық таза әрі әлемдегі ең сапалы саналатын қазақ бидайының Өзбекстанның ұн өндірісіне аса ірі көлемде «үлес» қосып, көршіміздің әлемдегі көшбасшы ойыншылардың қатарына енгенін өткен сандарымызда жазғанбыз. Көршіміз ендігі кезекте қазақ елінің май өңдеу саласының құлдырауын ұтымды пайдалануға көшкені байқалады.

→ 6

3 ҚАЗАН 2024 | БЕЙСЕНБІ



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЗАҢҒА ТҮЗЕТУ ЕНГІЗІЛМЕК

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар кейбір заңнамалық актілерге оларды Конституция нормаларына сәйкес келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Сонымен қатар Қазақстан мен Вьетнам арасындағы сотталған адамдарды беру туралы келісімді ратификациялады.

Кейбір заңнамалық актілерге оларды Конституция нормаларына сәйкес келтіру мәселелері бойынша түзетулер жөнінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Ұлан Сарқұлов баяндады. Ол заң жобасы Конституциялық Соттың 2023 жылғы 13 маусымдағы нормативтік қаулысын іске асыруға бағытталғанын айтты. Оған сәйкес, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңның 13-бабы мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген тұлғалардың кәсіпкерлік қызметке құқығын шектеу бөлігінде Конституцияға сәйкес келмейді деп танылған.

— Мұндай тұлғаларға республикалық мемлекеттік кәсіпорындарда, коммуналдық кәсіпорындарда, коммуналдық мемлекеттік мекемелерде, оның ішінде мектептерде, ауруханаларда басқару функцияларын жүзеге асыратын адамдар жатады. Бұл — бірінші басшылар, олардың орынбасарлары, бас бухгалтерлер, мемлекеттік сатып алу департаменттерінің басшылары, филиалдардың басшылары. Олар кәсіпкерлік қызметпен айналыса алады, бірақ тиісті қызмет олардың лауазымдық міндеттерін орындауына кедергі келтірмеуі, тиісті қызмет олардың қызметтік мүлкін пайдалануына екеп соқпауы және мүдделер қақтығысын тудырмауы керек, — деді Ұлан Сарқұлов.

Бұл тыйым тең тұлғалардың басқа санаттарына да қолданылады. Заң жобасы бойынша жұмыс тобының жетекшісі Қайрат Балабиев лауазымға тағайындалған кезде сенімгерлік басқару шарты бойынша сенімгерлік басқаруға беруге жатпайтын мүліктің тізбесі коммерциялық ұйымдардың акцияларымен және цифрлық активтермен толықтырылатынын айтты.

Конституциялық Соттың ұсынымдарына сәйкес заң жобасын әзірлеушілер оның тартымдылығын арттыру мақсатымен мемлекеттік қызметті атқару шарттарын жақсартуға бағытталған басқа да түзетулерді ұсынып отыр.

Баяндаманы тыңдаған соң депутаттар заң жобасының нормаларына қатысты сұрақтарын қойды. Талқылау нәтижесінде заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау туралы шешім қабылданды.

Мәжіліс сондай-ақ 2023 жылы 21 тамызда Ханойда қол қойылған Қазақстан мен Вьетнам арасындағы сотталған адамдарды беру туралы келісімді ратификациялады. Бас прокурордың орынбасары Ғалымжан Койгелдиев қазір 23 мемлекетпен осындай келісімдер жасалғанын айтты. Келісім Вьетнамда қылмыс жасағаны үшін сотталған қазақстандықтарға жазасын Қазақстанда өтеуге мүмкіндік береді.

— Шарт халықаралық құқық негізінде егеменді мемлекеттер тәндігі қағидаларын басшылыққа ала отырып жасалған. Негізгі мақсаты — екі ел арасындағы құқықтық ынтымақтастықты нығайту. Шарттың талаптарына келсек, сотталған адам екі елдің бірінші азаматы болуы тиіс, өз еркімен елге қайтару туралы келісімі керек және екі елде де қылмыс болып саналатын әрекеттер үшін сотталған болуы керек, — деді Ғалымжан Койгелдиев.

Заң жобасы бойынша жұмыс тобының жетекшісі Нұрсұлтан Байтілесов қосымша баяндамасында шартты ратификациялау сотталғандарды оңалту және өз ұлтының қоғамына интеграциялау үшін қолайлы жағдай туғызатынын атап өтті.

Вьетнам азаматтары да Қазақстанда сотталған жағдайда осындай мүмкіндікке ие болады.

Бұдан бөлек, Мәжіліс комитеттері жаңа заң жобаларын жұмысқа қабылдады. Олар: Бір тараптан ЕАЭО пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Иран Ислам Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімді, Қазақстан мен БАӘ үкіметтері арасындағы жел электр стансасы жобасын іске асыру туралы келісімді және Қазақстан мен Катар арасындағы ұстап беру туралы келісімді ратификациялау туралы заң жобалары.

Сондай-ақ жалпы отырыста Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің құрамына «Ақ жол» партиясы фракциясының жаңа депутаты Серік Ерубаев сайланды.

Мәжіліс депутаты Қайрат Балабиев Премьер-Министрдің Бірінші орынбасары Р. Сқиярға жолдаған депу-

таттық сауалында халықты қолжетімді газбен қамтамасыз ету керек екенін атап өтті.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев газ саласын дамыту жөнінде өткен кенесте «Газ саласы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды орын иеленіп отыр. Адамдар газды жылдан-жылға көбірек тұтынуда, бірақ газ өндіру қарқыны оған сай емес. Халықты қолжетімді газбен қамтамасыз ету керек» деп айтқан болатын. Түркістан облысында табиғи газбен қамтылған елді мекендер саны 557-ге жетіп, қамту деңгейі 67,2 пайызды құрайды. Десе де, әлі 300-ге жуық елді мекен осы күнге дейін газбен қамтылмаған. Яғни, жарты миллиондай жұрт көгілдір отынсыз күнелтіп келеді. Үш айdan бергі газ тапшылығы «жығылған үстіне жұдырық» болып, газ баллондарын сақирлатып, жұртты бекет жағалатып қойды.

Облыс халқының 80 пайыздан астамы ауылда тұрады. Олар газ баллондарын күнделікті тұрмыста пайдаланады. Тұтынушыларға баллонмен газ жеткізіп беретін мекемелер қызметін тоқтатқан. Көлігі барлар қалаға сандалса да, газ әкеледі, көлігі жоқтар есек арбамен отын мен тезек теріп от жағып жатыр. Онсыз да жолдары жалаңаштанып, көлеңкелейтін талы жоқ облыста осылайша бұғалай берсе, жыңғылдан жыңғыл, сексеуілден сексеуіл қалмас. Президент күні кеше жасыл аймақ, ну орманды көбейтуді тапсырды емес пе?!» — деді ол.

Осы орайда депутат Премьер-Министрдің Бірінші орынбасарына бірқатар тапсырма беруді сұрады. Олар: Түркістан облысының газдалмаған елді мекендердің 450 мың халқының тұрмыстық қажеттіліктерін өтеу үшін және заңда көзделген қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау, өрт пен жарылыстың алдын алу мақсатында газ баллондарды аккредиттелген мекемелерде сұйық газбен толтыру және басқалары.

Ал келесі бір депутат Мархабат Жайымбетұлы тауар айналымы мәселесін көтеріп, Премьер-Министрдің орынбасары Серік Жұмангаринге депутаттық сауал жолдады.

«Халықпен кездесуде әлеуметтік жағынан осал топтағы жандар маркетплейс арқылы нәпақасын тауып жатқанын жеткізді. Алайда олар біршама кедергіге тап болуда.

Біріншісі — тауарды таңбалау талабы. Ірі бизнес, яғни көтерме сатушылардың көбі бұл талапты сақтамайды және таңбаланбаған тауарларды сатады. Ал бұл іс-әрекеттері шағын кәсіп иелеріне зияны тиіп отыр. Себебі кедендік ресімдеудің оңайлатылған түрі бола тұра, қажетті шарттар толық орындалмайды. Елімізде салық түсімдері бойынша орындау жоспарына сәйкес 2,4 трлн теңге қаражат бюджетке түспеген.

Екінші — тауарларды заңсыз әкелуге (контрабанда және контрафакт) кеден органдары тарапынан бақылау мәселесі. Сол кедендік бақылау пунктінде миллиардтаған қаражат айналымы өтіп жатыр. Қазір Қытай мен Қазақстан арасындағы сауда қайнап жатыр. Заңды тауар өткізіп жатса жақсы, ал заңды белшесінен басып жүргендер қаншама? Кеден бекеттерінде маркировка мен қауіпсіздік алғы шарттардың бірі болуы керек. Бізде маркировка алмағаны үшін айыппұл көзі де қарастырылмаған.

Үшінші мәселе мынау: Елімізде маркировка беретін жалғыз мекеме — «Цифрлық экономиканы дамыту орталығы» ЖШС. Әсіресе, жалғыз маркировка бойынша дара сайт ismet.kz жұмысын әлде жетілдіруді талап етеді. Аталған сайт қарапайым халыққа түсінікті және үздіксіз жұмыс істеуі керек» — деді М. Жайымбетұлы.

Депутат жолдаған сауалдан кейін Премьер-Министрдің орынбасарына төмендегідей мәселелерді қарастыруды ұсынды.

«Міндетті тауарларды таңбалау жөніндегі талаптарды сақтамағаны үшін жауапкершіліктерді қайта қарап, күшейту, интернет сауда алаңдарын зерделеп, талаптары мен пайыздық мөлшерлемелерін төмендету бойынша маркетплейс өкілдерімен (Kaspi, Wildberries, Ozon, Amazon) жан-жақты келіссөздер жүргізу, «Цифрлық экономиканы дамыту орталығы» ЖШС мекемесін мемлекеттік органның қарамағына беру және жұмыстарына жүйелі түрде сараптама жүргізу керек», — деді депутат.

С. БЕГІМБАЙ

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

ҚАУІПТІ КОНТЕНТПЕН КҮРЕСТІ КҮШЕЙТУ ҚАЖЕТ

Бүгінгі күннің ең өзекті мәселесіне айналған балалар суицидін қоғамда резонанс тудырып, статистикасы алаңдаушылыққа әкелді. Жасөспірімдердің мұндай әрекетке баруына түрлі фактор әсер етуі мүмкін. Кеше «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Премьер-Министр Олжас Бектеновке депутаттық сауал жолдады.



Соңғы уақытта елімізде болған балалар суицидтері бүкіл қоғамды дүр сілкіндіріп, ата-аналар мен педагогтар арасында үлкен алаңдаушылық тудырды. Бұл қайғылы жайттар, әсіресе әлеуметтік желілер мен мессенджерлердің баланың психологиялық денсаулығына тигізіп отырған зиянды әсерін ескерсек, мәселені шешу кезек күттірмейді.

Парламент бүгінгі таңда заңнамалық шаралар қабылдағанына қарамастан, мысалы суицид туралы Қылмыстық кодексте арнайы жаңа құрамда 2 бап қабылданды, сонымен қатар суицидті насихаттауды болдырмауға Масс-медиа туралы заңда нақты реттеу механизмі енгізілді, бұдан бөлек буллингке және кибербуллингке арнайы әкімшілік құқықбұзушылық жауапкершілігі енгізілді, білім басқармаларының жанынан психологиялық орталықтарды құру, психологиялық қызметті жетілдіруге байланысты нормалар қабылданғанына қарамастан, аталған нормаларды орындау деңгейі әлі де өлсіз.

Әлеуметтік желілердегі қауіпті ойындар, квесттер және зорлық-зомбылықты насихаттайтын контент жасөспірімдердің санасын ұлап, оларды қауіпті әрекеттерге итермелеуде. Осындай контенттің таралуына бақылауды күшейту — кезек күттірмейтін мәселе деп санаймыз.

Әлеуметтік желілердегі және мессенджерлердегі негативті әсерлерге көз жұму — ұрпақ болашағына немісқардылық танытумен тең. Заңнамалық қабылданған шараларды орындауды күшті органдар, әсіресе мессенджерлердің жасөспірімдер контентінде гигиена шараларын қатаңдатуын талап ететін уақыт келді.

Президент тапсырмасымен Парламент қабылдаған заңнамалық шешімдерді орындауды мемлекеттік органдар қатаң бақылауға алуы тиіс. Әрбір ата-ана балалардың интернеттегі уақытын қатаң бақылап, зиянды контенттерден қорғалғанына көз жеткізуі тиіс. Әлеуметтік желілерде емес, шынайы өмірде қарым-қатынас пен жетістікке жетуге үйретуі керек.

Суицидке апаратын 15 мың сайт және сілтемелер көзі жойылғанын Бас прокурор Берік Асылыов күні кеше X парақшасында мәлімдеді.

Осыған байланысты Ақпарат және мәдениет министрлігі, Бас прокуратура және Цифрлық даму министрлігі балалар үшін қауіпті контентті анықтап, зерделеуде ведомстволық жауапкершілікті одан әрі күшейтуі керек деп білеміз.

1. Қауіпті контентті анықтау және мониторинг жасау бойынша автоматтандырылған жүйелерді енгізу: Балаларымыз үшін зиянды контентті автоматты түрде анықтай алатын және бұғаттай алатын жаңа технологиялық шешімдер әзірлеп, қолдану керек. Мұндай жүйелер интернеттегі қауіпті материалдарды жедел бақылап, оларды бірден жою механизмдерін қамтамасыз етуі шарт. Әлеуметтік желілер мен мессенджерлердің әкімшілері осы заңнамалық міндеттемелерді орындауы туралы талап ететін уақыт жетті. Әлемдік тәжірибе әлеуметтік платформалардың иелері қауіпті контенттің таралуын оның пайда болу сатысында-ақ тоқтата алатынын дәлелдейді. Сондықтан еліміздің заңнамалық міндеттемелердің сақталуын талап етуіміз орынды.

2. Ата-аналарды зиянды контенттің қауіпті туралы ақпараттандыру үшін сапалы ақпараттық бейнероликтер әзірленуі керек. Бұл бейне материалдар қауіпті контентті қалай тануға болатынын көрнекті түрде көрсетіп қана қоймай, қауіп төнген жағдайда жедел әрекет етуге, сондай-ақ балалардың онлайн белсенділігін бақылаудың тиімді тәсілдеріне үйретуі тиіс. Мұндай роликтер ата-аналардың жауапкершілігін арттырудың және оларды балалардың цифрлық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үдерісінде тартудың маңызды құралы болады. Нәтижесінде, ата-аналар интернеттегі қауіпті контентті балаларды қорғауға және қауіпсіз ортада дамытуға дайын болады деп санаймыз.

3. Оқу бағдарламаларына оқушылар арасында зиянды контентті зерделеуге бағытталған цифрлық сауаттылықты дамыту компоненттерін арнайы оқу пәндерінің мазмұнында ғана емес, барлық негізгі пәндердің бағдарламасына енгізіп, ата-аналарға көмек болатындай тәрбие жұмысының маңызды бөлігіне айналдыру шарт.

«AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері



ЖЕТІСУЛЫҚТАР АЭС БАСТАМАСЫН ҚОЛДАЙДЫ



Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев бастаған АЭС салуды қолдау жөніндегі халық штабының мүшелері Жетісу облысына келіп, өңір жұртшылығымен алдағы референдумға қатысты өзекті мәселелерді және энергетика саласын дамыту перспективаларын талқылады. Сапар барысында депутаттар сарапшылармен және қоғам қайраткерлерімен бірге облыстағы өндірістік кәсіпорындардың еңбек ұжымдарымен, сондай-ақ белсенді жастармен кездесті.

Мәулен Әшімбаев өз сөзінде қазіргі сын-кәтерлер жағдайында баламалы энергия көздерінің қажеттілігі бұрынғыдан да арта түскені айқын байқалып отырғанын атап өтті. Оған климаттың өзгеруі, экологияның нашарлауы және энергияның тапшылығына қатысты статистикалар дәлел. Сенат Төрағасы бұл ретте Мемлекет басшысы мақұлдаған атом электр стансасын салу туралы бастама аса маңызды екенін айтты. Аталған жобаның негізгі артықшылықтарының бірі көмірқышқыл газының шығарын-

дыларын азайту және көмірге тәуелділікті төмендету екені де назардан тыс қалған жоқ.

«Бүгінде халықтың тұтыну қажеттілігін өтеп отырған көмір электр стансаларының жағдайы сын көтермейді, басым бөлігі әбден тозған. Қазірдің өзінде елімізде энергия тапшылығы болып, сенімді және таза қуат көздерінің қажеттілігі артып отыр. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында осы түйткілге ерекше тоқталды. Шын мәнінде, бұл ретте атом энергия-

сының әлеуеті зор. Қазір ол бүкіл әлемде белсенді қолданылып келеді. АЭС-тің көмір стансаларынан айтарлықтай айырмашылығы бар. Ол ауаны және қоршаған ортаны көмірқышқыл газдарымен, күлмен немесе құрамында мұнай өнімдері бар зиянды қалдықтармен ластанбайды. Бұл – табиғатқа зиян келтірмей-ақ экономикамыздың қарқынды дамуына ықпал ететін таза және тұрақты энергия көзі», – деді палата Спикері.

Сонымен қатар Штаб мүшелері ақпараттық жұмыс аясында «Айсұлу» тігін фабрикасының ұжымымен кездесті. Мұнда көпбалалы аналар, мүмкіндігі шектеулі жандар және әлеуметтік аз қамтылған санаттағы басқа да азаматтар жұмыс істейді. Кездесуде олар АЭС салу бастамасын толық қолдап, өз пікірлерін білдірді.

Қазақстандағы негізгі бетон өндірушілердің бірі, қала құрылысымен айна-

лысатын «Темірбетон» кәсіпорнының қызметкерлері де аталған идеяны қолдайтындарын жеткізді.

Өңір жұртшылығымен және белсенді жастармен кездесуде өндіріске қажетті жана тәсілдерді зерделеудің және инновациялық технологияларды енгізудің маңызы сөз болды. Мәулен Әшімбаев атап өткендей, қазіргі атом электр стансалары сенімді, адам өміріне қауіпсіз, ең озық және тексерілген технологиялар негізінде салынып жатыр.

Сондай-ақ Сенат Төрағасы АЭС-тің жұмысы мен оны пайдалану кезеңінде халықаралық сараптамалық ұйымдар тарапынан сенімді бақылауға кепілдік берілгеніне тоқталып, азаматтарды ел игілігі үшін референдумға белсенді қатысуға шақырды.

«Экономиканың ұзақмерзімді мүдделеріне және қажеттіліктердің жедел артуына байланысты АЭС салу мәселесі

стратегиялық сипатта ие екенін көріп отырмыз. Сондықтан халықтың бұл мәселеге қолдау білдіруі еліміздің дамуы жолында аса маңызды. Атом электр стансасын салу кезіндегі негізгі басымдық адамдардың қауіпсіздігі екені анық. Сол себепті қазақстандықтар қолдап дауыс берсе, АЭС ең жоғары халықаралық стандарттарға сәйкес салынады. Жобаны іске асыру кезінде табиғи апаттар мен басқа да ықтимал сын-кәтерлердің алдын алуға қажетті шаралар міндетті түрде ескеріледі. Стансаның қауіпсіз жұмысын МАГАТЭ мен басқа да халықаралық ұйымдар мұқият қадағалайды», – деді Мәулен Әшімбаев.

Дайындаған: «Nur Media» ЖШС.
Тапсырыс беруші: М.Ж.Оспанов
«AMANAT» партиясы ҚБ қаражаты есебінен төленді



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ • ЦЕНТРАЛЬНАЯ КОМИССИЯ РЕФЕРЕНДУМА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

РЕФЕРЕНДУМ 2024

«ДАУЫС БЕРУ ТӘРТІБІ»

2024 жылғы 6 қазанда «Сіз Қазақстанда атом электр стансасын салуға келісесіз бе?» мәселесі бойынша республикалық референдум өтеді. Референдум учаскесінде осы учаскенің тізіміне енгізілген азаматтар, сондай-ақ есептен шығару туралы куәліктерін ұсынған адамдар дауыс бере алады.

6 қазан
ОКТАБР
РЕФЕРЕНДУМ 2024

- ✓ Референдумға қатысуға құқығы бар азаматтар мынадай себептер бойынша:
 - денсаулық жағдайына байланысты;
 - отбасындағы науқас адамға күтім жасауына байланысты;
 - референдум учаскелері құрылмаған шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда орналасса, учаскеден тыс жерде дауыс бере алады.
- ✓ Мұндай жағдайларда азамат орналасқан жері бойынша дауыс беру туралы жазбаша өтініш бере алады.
- ✓ Өтініш беру мерзімі – дауыс беру күні жергілікті уақыт бойынша сағат он екіге дейін.
- ✓ Өтініш келіп түскенде референдум комиссиясының төрағасы референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімінде тиісті белгіні қояды.
- ✓ Үй-жайдан тыс дауыс беруге арналған тасымалданатын жәшікті учаскелік комиссияның екі мүшесі алып жүреді.
- ✓ Байқаушылар комиссия мүшелеріне ілесіп жүруге құқылы.
- ✓ Бюллетеньдер азаматқа жеке басын қуәландыратын құжат пен жазбаша өтініш негізінде беріледі.
- ✓ Бюллетеньді берген комиссия мүшесі оған өз қолын қояды, сондай-ақ азаматтың өтінішінде қолын қояды.
- ✓ Азаматтың дауыс беру құпиясы міндетті түрде сақталуы тиіс.
- ✓ Әркімнің дауысы маңызды!

Қазақстан Республикасының
Орталық референдум комиссиясы

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Халықтық штаб мүшелері «Восход Ориель» ЖШС жұмысшыларының сұрақтарына жауап берді.



Ақтөбе облыстық және Хромтау аудандық халықтық штаб мүшелері «Восход Ориель» ЖШС-ның жұмысшыларымен кездесіп, АЭС құрылысының маңызы мен артықшылығын талқылады.

Облыстық халықтық штаб мүшелері Дәурен Муллашев мемлекет басшысының АЭС салу мәселесіне қатысты жалпыұлттық референдум өткізу туралы бастамасының маңызын түсіндірді. «Алғаш рет саяси жүйеге қатысы жоқ АЭС салу мәселесін ел-жұртпен талқылау үстіндеміз. Осы референдум өткізу арқылы Президенттің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асырамыз», – деді ол.

Хромтау аудандық халықтық штабының мүшесі Болат Ашабаев шахтерлердің сұрағына жауап беріп, атомдық энергия ауаға, жерге және суға зиян тигізбейтінін мәлімдеді.

«Мамандардың зерттеуіне сүйенсек, 1 гигаваат қуаттылығындағы ЖЭС 7 млн тонна көмірқышқыл газын және 120 мың тонна күкірт шығарады. Ал осыған ұқсас АЭС мүлде қалдық шығармайды. Сондай-ақ АЭС жұмысы су қоймасына зиян келтірмейді. Ендеше халықтың денсаулығына оң әсер етеді», – деді ол.

Оның айтуынша, АЭС салу көмір электр стансасынан бас тарту дегенді білдірмейді. Елімізде ЖЭС негізінен жылу көзі болса, АЭС электр энергиясының тапшылығын шешуге қажет. Сондықтан көмір саласының мамандары АЭС-тен қауіптенбеуге тиіс.

Жиында «Восход Ориель» ЖШС-ның энергетик маманы Асхат Тілегеннің айтуынша, Ақтөбеде уақытта зауыт пен фабрикалар көбейді, ал сол кезде электр қуатына сұраныс шамадан тыс артуы мүмкін. Мәселен, түсті металдардың өзге де кендерін өндіретін біздің кәсіпорында электр энергиясына қажеттілік өсіп келеді. Ал су, күн және жел энергиясы оның бәрін толық қамти алмайды.

НАРЫҚ

3 ҚАЗАН 2024 | БЕЙСЕНБІ



Ал энергия алудың қандай көздері бар? Біз білетін, әрі тұтынып жүрген көмір және газ стансалары энергияның көзі болып отыр. Баламалы энергия көздеріне жел, күн, суды қосуға болады.

Елдегі ірі қалаларда жұмыс істеп тұрған ЖЭС-тердің басым көпшілігі 1970 жылдары салынды. Жылу жүйелерін күрделі жөндеуді немесе жаңартуды талап етеді. Бүгінде ЖЭО жабдыктарының орташа тозуы 66 пайызды құрайды. Соңғы жылдардағы Екібастұз, Рудный, Риддер және Теміртаудағы апатты жағдай ЖЭС-ның қауіпсіздік деңгейі төмендей бастағанын дәлелдеді. Энергетика министрлігінің дерегінше, жұмыс істеп тұрған 37 жылу электр орталығының 19-ы қызыл аймаққа, 11-і – сары, 7-і ғана жасыл аймаққа енеді. Электр энергиясын өндіретін стансалардың 55,5 пайызы 30 жылдан асты. Бұл энергетика саласындағы күрделі мәселелерді тездетіп шешуді міндеттеп отыр. Кейінгі жылдары халық саны көбейіп, бизнес субъектілері мен ірі өндіріс орындарының қуаттылығы артауда. Сондай-ақ төртінші өнеркәсіптік революциясының негізгі құралдары – IT, 3D, роботтехнология өмірімізге дендеп енуде. Ал ағымдағы жағдаймен энергетикалық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүмкін емес.

Әлем төртінші өнеркәсіптік революция табылдырығында тұр. Заманауи озық технологиялар кезеңінің негізгі көзі – интернет пен энергия. Әсіресе, екіншісіңіз мақсат негізсіз болады. Сондықтан ақылды қалалар концепциясын ілгерілетуді жоспарлаған мемлекеттер ең бірінші тұрақты электр энергия көздерін шешуді басымдық етуде. Онсыз өнеркәсіптік революция іске аспайды. Міне, электр энергиясының маңызын осыдан-ақ түсінуге болады.

ЭНЕРГИЯ – ӨРКЕНИЕТ ӨРІСІ

Электр энергиясының негізгі бөлігі ескірді, жаңғыртуға қомақты қаржы қажет. 2015 жылы Париж келісіміне сай Қазақстан көміртегі бейтараптығына қол жеткізудің 2060 жылға дейінгі стратегиясын бекітіп, газ шығарындысын азайтуға тиіс. Атом электр стансалары сынды тұрақты энергия көздерінсіз ел энергия тапшылығына, генерациялаушы қуаттардың теңгерімсіздігіне және халықаралық экологиялық міндеттемені орындау қиын. Бірнеше басқосуда атом энергетикасының перспективалары туралы талқылап, энергетиктермен пікір алмастық. Сонда энергетик инженерлер мен ғалымдар АЭС-тің маңызын жан-жақты түсіндіріп берді.

Әрине, бәріміздің бойымызда атом радиациясына байланысты үрей бар. Совет әскерлері мен ғалымдары Семей ядролық полигонында 460 ядролық, термодролық және сутегі қаруларды жерде, әуеде, жер астында және суда жарылыс жасады. Семей өңірімен бірге Павлодар облысының Май ауданы

радиациядан біршама зардап шекті. Бірақ қарудың жөні бір бөлек, бейбіт атомның жөні бір бөлек екенін түсінуіміз керек. Энергиясыз қараңғы түнекте қаламыз. ЖЭС жаңартып, жаңғыртып, дамыта берсек, халықаралық міндеттерді орындай алмаймыз.

Қайбір жылы Екібастұздағы ЖЭС апат болып, қала тұрғындары жылуысыз қалғанда қатты алаңдап, белсенді азаматтармен бірлесіп, сауда орындарынан электрмен жылытатын құралдарды іздеп, тапқанымызды кеншілер қаласына тасыдық. Ауыр күндер артта қалды. Егер жарықсыз қалғанда қалай болар еді. Қақаған қыста қала тұрғындарын эвакуация керек болады. Шүкір, Үкіметтің қамқорлығы мен ел-жұрттың ауызбіршілігінің арқасында қиындықты еңсердік. Енді мұндай жағдай қайтып қайталанбасын.

Бізге келешектегі қиындықтарды болдырмау үшін жаңа энергия көзін іздеп, қазірден іске қосудың қамын жасау керек.



«Жасыл» энергияға жататын атом энергетикасын сол себепті дамыту керек. Көрші Өзбекстан АЭС салуды бастап кетті. Тіпті, шөл далада Біріккен Араб Әмірлігі атом энергетикасының игілігін көруде. Оңтүстік Африка Республикасы АЭС-тен энергия алып отырса, Египет іске қосуға ниетті. Яғни, әлемдік қауымдастық атом энергетикасынан жарық

алып отырғанда, көштен қалып кетуіміз өзімізге сын болады.

Біздің түсінгеніміз, энергетикалық тәуелсіздік – нағыз тәуелсіздіктің қайнары. Өйткені энергия – өркениет өрісі, энергиясыз өркениет көшіне ілесе алмаймыз.

Жаркынбек АМАНТАЙҰЛЫ,
Парламент Мәжілісінің депутаты

Қызылорда қаласын орталықтандырылған ыстық су жүйесіне қосу ісі көп жылдан бері шешімін таппай тұрған түйінді мәселенің бірі болатын. Бұл түйткіл биыл түбегейлі шешімін табуы мүмкін. Жергілікті әкімдік мәселенің жақын күндері шешілетінін айтып, жұртшылықтан сүйінші сұрап отыр.

А Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Су жылытқыш құрылғымен жан бағып отырған Сыр халқы сонау Кеңес кезеңінен бермен қарай ыстық суды тек түсінде көріп келеді. Тіпті, Қызылорда еліміз бойынша ыстық су жүйесіне қосылмаған бірден-бір облыс саналады.

Шынын айту керек, аталмыш мәселе жергілікті әкімдіктің де назарынан тыс қалып тұр деп айтуға болмас. Жыл сайын қаланы орталықтандырылған ыстық су жүйесіне қосу жайы арагидік болса да сөз болып қалады. Алайда бұл жобаны толық жүзеге асыру қыруар қаржыға тіреліп, тек сөз күйінде қалып жүр.

Тиісті мамандар әрдайым Қызылорда қаласын ыстық сумен қамтуға Сыр өңіріндегі жылу-электр стансасының әбден тозығы жеткенімен түсіндіріп келді. Соған орай қаланы ыстық сумен қамту үшін бірнеше жүйе де ойластырылды. Атап айтқанда, әрбір тұрғын үйдегі өжіреге бойлер орнату арқылы халықты ыстық сумен қамту жайы ойластырылса, екіншісі, ашық жүйе арқылы тұрғын үйлерге ыстық суды құбыр арқылы жеткізу жолдары қарастырылды. Бірақ өкінішке қарай, бұл жобалар өз тиімділігін көрсете алған жоқ.

Бұған дейін осы мәселеге орай өңірде арнайы брифинг те ұйымдастырылып, жауапты мамандар жұртшылық көптен күткен жобаның жүзеге асыру жайын мәлімдеген еді.

Қызылорда облыстық Энергетика, және тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы басқармасының мәліметіне сәйкес, өңірді ыстық сумен қамту жобасын екі кезең бойынша жүзеге асыру жоспарланып отыр. Соған орай биыл 187 үй бірегей жобаның игілігін көретін болады. Оған Үкімет резервінен 11 млрд теңге

СЫР ХАЛҚЫНЫҢ АРМАНЫ – ЫСТЫҚ СУ

бөлінген. Бүгінде 107 үйге тиісті жұмыстар жүргізіліп жатыр екен. Ал 2025 жыл еншісінде 237 тұрғын үйді ыстық су жүйесіне қосу көзделуде. Бұл жұмыстарды жүзеге асыру үшін демеушілер есебінен 32 жоба әзірленіпті.

«Бұл жоба Мемлекет басшысының былтыр Сыр өңіріне сапарындағы тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылып отыр. Соған орай облыс әкімінің бастамасымен көптен күткен бірегей жоба қолға алынды. Осының негізінде 17 жоба бойынша 186 көппәтерлі тұрғын үйді ыстық сумен жабдықтау үшін Үкіметтің резервінен қаржы бөлінді. Осы жоба

Шынын айту керек, аталмыш мәселе жергілікті әкімдіктің де назарынан тыс қалып тұр деп айтуға болмас. Жыл сайын қаланы орталықтандырылған ыстық су жүйесіне қосу жайы арагидік болса да сөз болып қалады. Алайда бұл жобаны толық жүзеге асыру қыруар қаржыға тіреліп, тек сөз күйінде қалып жүр.

бойынша биыл қаладағы Шұғыла, Сырдария, сол жағалау, Тәуелсіздік және Бейбарыс көшелеріндегі тұрғын үйлерге ыстық су жүйесіне жүргізу көзделіп отыр», – деп түсіндірді сол брифингте басқарма басшысы Медет Усаин.

Басқарма таратқан мәліметке сәйкес, бұған дейін Қызылорда қаласында тұрғын үйлер электрлі су жылытқыш немесе газбен жылытатын құрылғылар арқылы ыстық суды тұтынуға мәжбүр болды. Соның ішінде әрбір үйде кем дегенде 50

литрлік аристон құрылғысы пайдаланылады. Бұл құрылғы суды ысыту үшін кем дегенде 3 киловатт электр энергиясын қажет етеді екен. Бұған кететін шығындар 1700 теңгеден 2000 теңгеге дейінгі аралықты құрайды. Ал ыстық суға қосылған үйдің шығыны 5 есеге арзан түсетіні анықталған. Сондықтан ыстық су жүйесін жүргізу тұрғындар үшін электр энергиясын үнемдеуге де зор ықпал болатынын алға тартады.

Ақжолтай хабарды өңір жұртшылығы да жылы қабылдап отыр. Дейтұрғанмен жоба сырқұйымшақтанбай, жүйелі жүргізілсе деген тілегі бар.

«Игі бастаманың қолға алынғанын естіп, қуанып жүрміз. Тиісті орындар тарапынан халықтың көптен күткен арманы көп ұзамай іске қосылатынын айтып, сендіріп отыр. Бұған дейін қысы-жазы аристон құрылғысын пайдалануға мәжбүрміз. Электр энергиясын айтпағанның өзінде, ұдайы тоққа қосылып тұратын құрылғының қауіпсіздігіне де ешкім кепіл бола алмайды. Ойда-жоқта тұйықталу орын алса, мұның соны қайғылы оқиғаға соқтыруы әбден мүмкін. Сондықтан әрдайым қорқыныш құшағында жүрміз. Тұрғын үйлерді орталықтандырылған ыстық су жүйесіне қосу жұмысы жүйелі жүргізілсе, көптеген түйткілдің түйіні тарқатылар еді. Тек басталған істің соны сырқұйымшақтанбай, игілігін ел көруге тиіс. Сонымен қатар халықтың қалтасына салмақ салмайтын мүмкіндік қарастырылғаны жөн», – дейді қала тұрғыны Света Махашова.

Бүгінде қаладағы 174 үйді ыстық суға қосудың мүмкіндіктері қарастырылып жатқаны мәлім болды. Ал тағы 424 үй қаржыландыруды қажет етеді екен. Жоғарыда айтып өткеніміздей, демеушілер есебінен дайындалып жатқан 32 жоба осындай қаржыландыруды қажет ететін тұрғын үйлерге негізделсе керек.

Бүгінде Қызылорда қаласында жаңадан ЖЭО салу жобасы қарқын алды. Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың ықпалымен жүзеге асырылып жатқан бұл бастама Сыр халқының көптен күткен үмітіне серпін берді. Өңірде қуаттылығы 240 мегаватты құрайтын заманауи үлгідегі стансаның іргетасы қаланып, көп жылдан бері шешімін күткен мәселенің бір парасының түйіні тарқатылатын күні жақын. Түрік компаниясы қолға алған бірегей жоба 2025 жылы толықтай аяқталады деп күтілуде. Соған орай халықтың қолың ыстық суға малып отыратын күнін күтіп жүргені жасырын емес.

МӘСЕЛЕ

А Айхан ШӘРІП

(Басы 1-бетте)

ҚОЛДАУДА ӨНІРЛЕРДІҢ
ӘЛЕУЕТІ ҚАНДАЙ?

Республика бойынша инватакси қызметі 2010 жылдан бастап іске қосылды. Ол мүгедек арбасымен ғана қозғала алатын және жеке көмекші қызметімен қамтуға мұқтаж, жүріп-тұруы қиын I және II топтағы мүгедектігі бар адамдарды қолдаудың қосымша шарасы, әлеуметтік жоба ретінде енгізілді. Бертінде бұл қызметті тұрақты түрде ұсыну заңдастырылды. Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушы С.Сәрсеновтің 2013 жылғы 1 қарашадағы №859 бұйрығымен «Автомобиль көлігімен мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидалары» бекітілді. Онда аталған қызметті көрсету шарттары реттелген.

Содан бері ескі қағидалар бірнеше рет жаңғыртылып, талаптары өзгерді. Өзгеріссіз қалғаны: инватакси қызметінің жұмысын ұйымдастыру сол бұрынғыдай жергілікті әкімдіктерге жүктелген. Салдарынан, қызметтің әлеуеті әр өңірде әртүрлі, ол жергілікті бюджеттің мүмкіндіктеріне тәуелді. Жергілікті билік мүгедектерді алып жүру үшін жабдықталған көлігі бар үкіметтік емес ұйымдар, кәсіпкерлік нысандары арасында тиісті мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс орналас-тырады.

Мысалы, елордадағы қызмет өңірлер үшін арман болса керек. Астана әкімі Жәніс Қасымбектің мәліметінше, 2024 жылы қалада инватакси саны бірден 30 бірлікке артты. Егер былтыр елордада мамандандырылған осындай 117 көлік болса, қазіргі кезде саны 147-ге жеткен.

— Инватакси мүгедектігі бар жандарға тең мүмкіндіктер жасайды, әлеуметтік интеграциялануына, өмір сүру сапасының артуына, қозғалу еркіндігін жақсартуға әсер етеді. Маңызды проблема — кресло-арбамен қозғалатын мүгедектігі бар жандарды тасымалдауға арналған, мамандандырылған машиналардың жетіспеушілігі. Жыл сайын инватакси санын көбейтіп жатырмыз. Бұрын 50 машина болса, алғашқы кезеңде 113 машинаға дейін арттырдық. Қазір инватакси саны — 147. Бұл да қаланың қажеттілігін толық қамти алмайды. Сол себепті олардың санын арттыруды ары қарай да жалғастырамыз, — деді әкім Ж.Қасымбек.

Салыстырғанда, мысалы, бүкіл Қызылорда облысында мұндай 40 машина ғана қарастырылған.

«Биыл облыста инватакси қызметін 40 автокөлік жүзеге асырады. Атап айтқанда, аудандарда — 23, Қызылорда қаласында — 14, Байқоңыр қаласында — 3. Оның ішінде 11 автокөлік қана кресло-арбамен жүретін мүгедектігі бар адамдар үшін бейімделген. Сол 40 автокөліктің қызметін қамтамасыз етуге 2024 жылғы бюджеттен барлығы 124,3 миллион теңге бөлінді. 2024 жылы «Халық банк» АҚ Қызылорда мен Байқоңыр қалаларына 2 инватакси көлігін сыйға тартты», — деп хабарлады облыс әкімдігі.

АНАЛАР
НЕГЕ ЖЫЛАЙДЫ?

Бүгінде қарапайым көліктердің өзі қымбаттап кетті. Мамандандырылған машиналар бағасы одан жоғары болғандықтан, көптеп сатып алуға жергілікті бюджеттердің жағдайы келе бермейді. Әкімдік қызметкерлері айтқандай, бір инватаксидің сатып алу құны 23 миллион теңге тұрады. Оның онын сатып алуға 230 миллион қаржы қажет болар еді. Алайда облыс әкімдіктері инватакси қызметін

ИНВАТАКСИ
ИГІЛІГІ ҚОЛЖЕТІМСІЗ БОЛЫП ТҰР

көрсетуге жыл сайын 100-200 миллион теңге ғана бөле алады. Табысы аз болғандықтан қоғамдық ұйымдар, кәсіпкерлер жана арнайы көліктерді сатып алуға ын-талы емес, ол өзін-өзі ақтамайды. Сондықтан сала демеушілерге әуру.

Салаға маманданған «Онғүстік Қазақстан облыстық оналту қызметін көрсететін орталығы» корпоративтік қорының басшысы Бейіжан Қазақхановтың түсіндіруінше, қағида бойынша I топтағы мүгедектігі бар, қозғалуы қиын, жеке көмекшіні, мүгедектер арбасын қажет ететін барлық адам инватаксиді пайдалана алады. Шынында, іс жүзінде такси бөріне бірдей жете бермейді.

«Инватакси — жергілікті бюджеттер қаржыландыратын қызмет. Әкімдіктер «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңына сәйкес мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы сол қызметті сатып алады. Аталған критерийлерге сәйкес келетін барлық мүгедек жан инватаксимен қалаларда, облыс орталықтарында тегін жүре алуы тиіс. Инватакси жетпейтіндіктен, қызмет көрсетуде тек жұмыс істейтін және оқитын мүгедектерге басымдық беріледі. Бұрынғы заң бойынша инватакси қызметі бір көзден сатып алынатын және бірден 3 жылға келісім бекітілетін. Алайда 2023 жылдан бастап, ішкі мемлекеттік аудит департаменті үш жылдық келісім жасасауға рұқсат етпей қойды», — дейді сарапшы.

Бейіжан Қазақханов инватакси қозғалу мүмкіндігінен айырылған азаматтардың дәрігерге, әлеуметтік мекемелерге, жұмысына, оқу орнына баруы үшін жиі қажет болатынын айтады. Дүкенге, қонаққа, ойын-сауық орталығына, бассейнге, спорт кешіне барғысы келетіндерге оны пайдалануға рұқсат етілмейді. Егер мемлекет кенпейілділік пен қамқорлық танытып, кемтар жандарды жалаған жеріне тасыса, олардың әлеуметтенуіне, қоғамға еркін кіругіне, толыққанды өмір сүруге септесер еді. Ол болмаған соң, онсыз да жарымжан жандар өзін қоғамның қоры сезінеді, үйлерінен шыға алмай отырады.

Астана мен Алматыдан басқа жергілікті бюджеттердің мардымсыз қаржыландыруы, инватаксидің тапшылығы салдарынан мүгедектігі бар балалардың ата-ана-

лары және инватакси қызметін көрсетушілер арасында дау-жанжал туындап тұрады. Соңғылары өз аяғымен жүре алатын балаларды тасуға құқығы жоғын айтады. Мысалы, инватакси қызметін көрсететін «Қамқор жүрек» мүгедектердің қоғамдық бірлестігі өкілдерінің айтуынша, оларға II топтағы мүгедек балалардың ата-аналары тасымал бойынша көмек сұрап жүгінеді екен. Бұрын II топтағы жарымжан жандарға да инватакси қызметі ұсынылатын.

«Біз аналарға енді мұндай балаларға қағида бойынша қызмет көрсете алмайтынмызды түсіндіреміз. Тек кресло-арбамен жүрсе және су қараңғы зағип болса ғана қызмет ұсынуымызға рұқсат. Мұны естіп, аналар қатты налыды, еніреп жылайды. Кейбірі ашынып, айғайлап, қызмет көрсетуді талап етеді. Колдарында барлық құжаты, дәрігерлік-консультативтік комиссияның (ДКК) анықтамасы, мүгедектік диагнозы бар. Біз не істей аламыз? Не қағидалар өзгертіліп, барлығына бірдей көмек ұсынуға мүмкіндік беруі керек, немесе ДКК анықтамасын беру ісін бақылауға алуы қажет», — дейді бірлестік өкілдері.

ҚЫЗМЕТ АЛУШЫЛАР САНАТЫ
КЕҢЕЙТІЛСЕ ЖОН

Қоғам белсендісі, қазіргі кезде ерекше баласының күтімімен отырған ана Ш.Сүгірбекова бұл проблеманы біраздан көтеріп жүр.

— Басқаны айтпағанда, Алматының өзінде менталды және физикалық бұзылысы бар балаларды ата-аналарының қалаған жеріне апаруы, тасымалдауы мәселесі өткір тұр. Мысалы, аутизмге шалдыққан балалардың ата-аналары баласы-

ның неофобиясының ауырталпығын күн сайын жан-тәнімен сезеді. Мұндай ерекше балалар қарбалас тірліктен, шудан, адамдардың көп жиналуынан, жаңа нәрсенің бәрінен қорқады. Салдарынан, олар қоғамдық көлікпен, автобуспен, метромен жүре алмайды. Сол жерде баланың бойын қатты үрей буса, ата-аналары және дәрігерлер қол жеткізген жетістіктің бәрі жоғалуы, зая кетуі мүмкін, — дейді қоғам белсендісі.

Қоршаған ортасының қысымына жүйке психикасы шыдамай шыңғырған, жылаған кеміс балаларға жекіріп, жер-жеріне жететін, шығуын талап ететін жетесіз жолаушылар кездесетін көрінеді. Бұл да ерекше балаларға және олардың аналарына алапат стресс.

«Аутизмге душар болған балалардың аналарының шамамен 99%-ы жұмысын тастап, бала күтімімен үйінде, жұмысыз отыруға мәжбүр. Қазақстанда халық онсыз да аз, жұмыс күші тапшы. Сондай-ақ түрлі дәрігерлердің, логопед-дефектологтің, эрготерапевттің, ЛФК, АВА терапияның және басқа қызметтердің бағасы қымбаттап кетті. Ай сайынғы шығын 300 мың теңгеден асуы мүмкін. Салдарынан, ерекше балалары бар отбасылардың материалдық жағдайы төмен. Егер мұндай мүгедектігі бар балаларға да инватакси қызметі көрсетілсе, ата-аналардың қолы белгілі бір уақытқа босап, жұмыспен, кәсіппен айналыса алар еді. Биліктерілер бізді естініші!» — дейді Ш.Сүгірбекова.

Алматы әкімдігінің жанындағы Қоғамдық кеңес ата-аналардың бастамашылығын тобының өтінішін қарай келе, диагнозының ауырлығына байланысты қоғамдық көлікпен қозғала алмайтын балалардың үлкен санатын да инватаксимен қамтуды қолдаған. Осы және басқа ұсынымдар

қолданыстағы қағидаларда белгіленген «тек кресло-арбамен жүретіндер» деген талапқа мандай соғып тоқтайды екен.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жергілікті әкімдіктің әлеуеті жетіп жатса, инватакси қызметі көрсетілетін санатты кеңейтуге болатынын түсіндірді:

«Инватакси қызметін ұсыну республика бойынша Автомобиль көлігімен мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау жөнінде қызметтер көрсету қағидаларымен реттеледі. Бірақ қатаң тыйым жоқ. Жергілікті бюджеттің мүмкіндіктері жетсе, жергілікті атқарушы органның шешімімен инватакси қызметі ұсынылатындардың санатын, сондай-ақ олар баратын жеткізу пункттері мен объектілер тізімін кеңейтуге рұқсат етіледі», — деп хабарлады ведомство.

Алайда бұл барлық жауапкершілікті әкімдерге аулау салуға ұқсайды. Қоғам белсенділері мәселе шешімін табуы үшін инватакси қызметі республикалық бюджеттен толық немесе қосымша қаржыландырылса дейді.

ІЛКІМДІ ЖОБАНЫҢ
ИГІЛІГІ НЕДЕ?

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жакыпова инватакси машиналарының тапшылығы проблемасын шешу үшін былтырдан бастап, «Астана және Алматы қалаларында такси агрегаторлары арқылы инватакси қызметтерін көрсету» пилоттық жобасы іске қосылғанын мәлімдеді. Айта кету керек, бұл жобадан мүгедектер таксиді жиі қолдана алмайды, оларға әр өңірде такси қызметін пайдалану сағаты шектеледі, лимит белгіленген. Сондай-ақ таксимен бара алатын объектілер саны да шектеулі.

Министрліктің дерегіне, 2024 жылғы I қыркүйектегі жағдай бойынша мүгедектігі бар адамдар қос мегаполисте агрегаторлар арқылы инватакси қызметіне 114,1 мың рет тапсырыс берді. Салыстырсақ, 2023 жылдың қорытындысында инватакси қызметі 53,9 мың рет көрсетілген.

Еңбек министрі инватакси қызметінің проблемасы көп екенін білетінін жеткізді. Мысалы, азаматтар қызмет алу үшін кем дегенде бір күн бұрын телефон арқылы жазылуы қажет. Сондай-ақ көлігі сынса, инватаксиді ұзақ күтуге мәжбүр. Машинаның тапшылығы — бір төбе. Сондықтан министрлік екі қала әкімдігімен бірлесіп, тиісті көлігі бар такси агрегаторларын осы қызметке тартудың пилоттық жобасын бастады.

Бұл ретте басты шарт — агрегатор мұндай сапарлардың ақысына пайызын, комиссиясын қоспауы тиіс. Содан Яндекс өзінде пилоттық жобаға етеуіс негізде қатысуға ниет білдірді. Сондықтан пилоттық жоба шеңберінде мүгедектер де Яндекс Go мобильді қосымшасы арқылы Инватакси қызметін қолдана алады. Бұл көлікті тезірек таңдауға, онлайн режимінде тапсырыс мәртебесін қалаалауға және жасалған сапарларға мониторинг жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Аталған қосымшада мүгедектігі бар адамдар жүргізушілеріне сапарға ерекше қажеттіліктері туралы ескерту үшін арнайы мүмкіндіктер экраны іске қосылды.

Мұнда кілттің бар: ілкімді жобаға алғашқы кезеңде Астана мен Алматыдағы барлық мүгедектігі бар адам емес, тек фокус-тобы қатысады. Еңбекмині болашақта жана форматтағы сервисі мүгедектердің басқа тобына кеңейту және елдің барлық өңірінде кеңінен қолдана жоспарланып отырғанын жеткізді. Ол да жергілікті бюджеттердің әлеуетіне тіреледі.

Жалпы, инватакси қызметі жетілдіріліп, соған мұқтаж жанның бәріне қолжетімді етілсе игі. Сонда тағдырдың теңгерісін көріп, жанары жасаурап, мемлекет пен қоғамнан мейірім күткен мүгедек жандардың жайырақ тартқан көңілдері көтеріліп, өзіне деген құрметтің жылы лебі жандарын жылытары даусыз.

ДАМУ

АУЫЛ МЕДИЦИНАСЫ ЖАҢҒЫРА ТҮСЕДІ

Жетісу облысында «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында Ақсу, Алакөл, Сарқан, Ескелді, Көксу, Қаратал, Кербұлақ аудандардағы ауылдарда және Панфилов ауданының шекара маңында орналасқан елді мекендерінде 15 дәрігерлік амбулаторияны, 39 фельдшерлік-акушерлік және 5 медициналық пунктті қоса алғанда, барлығы 59 денсаулық сақтау мекемесінің құрылысы басталды. Кейінгі жылдары өңірде денсаулық сақтау саласының халыққа қолжетімді және барынша сапалы болы жолында үлкен істер атқарылуда. Осы бағытта қолға алынған шарапатты шаралардың арқасында соңғы 2 жылда денсаулық сақтау нысандарын жаңарту деңгейі 50%-дан асқан.

А Болат АБАҒАН,
Жетісу облысы

Облыстық Денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, облыстағы ең шалғай орналасқан аймақтардың бірі болып саналатын Алакөл ауданының өзінде ғана жоғарыда айтылған Ұлттық жоба аясында 9 заманауи денсаулық сақтау нысанының құрылысы басталыпты. Атап айтар болсақ, олардың қатарында Екпінді, Жайпақ, Бескөл ауылдарындағы 3 дәрігерлік амбулатория және Жанама, Сапақ, Үшбұлақ, Қызылқайың, Қайнар және Ақжар ауылдарындағы 6 фельдшер-

лік-акушерлік пункт бар. Қазіргі кезде Ақжар ауылындағы ФАП құрылысының 40%-ы аяқталып та қойыпты.

— Біздің міндетіміз — денсаулық сақтау нысанын белгіленген уақытта салу, іргелес аумақты абаттандыру және қоршау орнату. Сонымен бірге 35 млн теңгеге жуық сомаға заманауи медициналық жабдықтар сатып алуға өтімін бердік. Соған сай іргетасын құюдан бастап, барлық жұмысты толық атқарып, нысанды толық дайын күйге жеткізіп барып, пайдалануға тапсырамыз. Құрылысқа шеттен келген мамандардан басқа 10 жергілікті тұрғын тартылған, барлық қажетті техникалар

бар. Жұмысты белгіленген мерзімде орындауға барлық мүмкіндік бар, — деген медицина мекемесінің құрылысын жүргізіп жатқан мердігер ұйым өкілі Құрбанәлі Омаровтың айтуынша, құрылыс жұмыстары тамыз айының басында басталған.

Аудандағы ірі елді мекендердің бірі болып саналатын Ақжар ауылында 1 500 адам тұрады. Салынып жатқан фельдшерлік-акушерлік пункт 60 жылдары салынған бейімделген ғимаратта орналасқан ескірген медициналық пункттің орнына тұрғызылды.

— Ауылдағы медпункт ескірген және нормалар мен талаптарға сәйкес келмейді, қыста мекеме іші салқын болады. Сондықтан да ауыл тұрғындары өздерінде заманауи денсаулық сақтау мекемесінің тұрғызыла бастағанына, алдағы кезде медициналық қызмет көрсету сапасының артатынына барынша қуанышты. Шілде айында біздің ауылдық округтің Қонаыр ауылында блокты-модульді медициналық пункт іске қосылған болатын. Былтыр мұнда мектеп жөнделіп, 150 орындық жана мәдениет үйі салынды. Осындай ел үшін жүзеге асырылып отырған игі істер



бәрімізді қуантады. Өйткені мұндай шаралар ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға тікелей әсер етеді, — деп жерлесін қостаған Ақжар ауылдық округінің әкімі Елес Жапарғалиев алдағы жоспарларымен де бөлісе кетті.

Облыстық Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Арман Жансенгіров атап өткендей, ауыл тұрғындарына көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын арттыру мақсатында жергілікті бюджет есебінен өңірде блокты-модульді медициналық пункттер салыну жалғаса бермек. Оның айтуынша, Алакөл ауданында ғана былтыр Қарлығаш, Байзерек, Ынталы ауылдарында блокты-модульді

медициналық пункттер іске қосылыпты. Биыл осындай ауылдарда Бибақан, Арқарлы және Қонаыр ауылдарында пайдалануға беріледі. Сондай-ақ Достық, Қабанбай және Ақтүбек ауылдарына 3 санитарлық автокөлік сатып алынған. Жыл соңына дейін аудандық аурухана заманауи медициналық жабдықтармен қамтамасыз етіледі. Бұдан басқа, 200 төсектік стационары бар орталық емхана құрылысы үшін жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде.

Жалпы, соңғы екі жылда Алакөл ауданына инфрақұрылымдық және әлеуметтік нысандардың құрылысына, сондай-ақ жобалау жұмыстарына облыстық бюджеттен 32,2 млрд теңге бөлінді.

ӨЗЕКТІ

3 ҚАЗАН 2024 | БЕЙСЕНБІ

Экологиялық таза әрі әлемдегі ең сапалы саналатын қазақ бидайының Өзбекстанның ұн өндірісіне аса ірі көлемде «үлес» қосып, көршіміздің әлемдегі көшбасшы ойыншылардың қатарына енгенін өткен сандарымызда жазғанбыз. Көршіміз ендігі кезекте қазақ елінің май өңдеу саласының құлдырауын ұтымды пайдалануға көшкені байқалады. Климаттық жағдайы майлы дақылдарды өсіруге қолайлы болмағанымен, олар майлы дақылдар оның ішінде Қазақстаннан таза шикізат күйінде экспортталатын күнбағысты қайта өңдеуге күш сала бастаған...

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ, Ақмола облысы

Ауыл шаруашылығында астықты дәнді-дақылдардан кейінгі кезектегі майлы дақылдар өндірісі — ел экономикасына айтарлықтай аса қомақты табыс беруге қабілетті ауқымды әрі қажеттілігі мол сала. Тіпті, білікті экономист ғалымдар соңғы уақытта әлемдік нарықта мұнайдан гөрі кәдімгі тамаққа пайдаланатын өсімдік майларын сатудың әлдеқайда тиімдірек бола бастағанын дәлелді фактілерімен келтіріп отыр. Майлы дақылдарды көбірек өндіргенімізбен кейінгі жылдары аталған саладағы аграрлық шаруашылықтардың алға басқан қадамы кері кете бастағаны байқалады. Бұған отандық майлы дақылдарды қайта өңдеудегі кедергілер кері ықпалын тигізген.

Қоңыр күздің ортасына таман майлы дақылдарды оратын науқан басталатын уақыт та жетті. Қазақ еліндегі майлы дақылдар өсіретін шаруашылық серіктестіктер мемлекеттен бөлінетін субсидияның арқасында май-шелпекке батып жатқанымен, ел экономикасына қосар үлесі аса төмен көрсеткішке түскен. Мұны Парламент депутаттары Үкіметке жолдаған сауалдарында да ашық көтерді. Халық қалаулылары Үкіметтен елдің майлы дақылдарды қайта өңдеу саласын тоқыраудан алып шығатын аса шұғыл шаралар қабылдау қажеттігін қалап айтты.

— Елдің аграрлық саласын қолдау мақсатында мемлекеттік бюджеттен тек соңғы екі жыл ішінде ғана аграрлық өнеркәсіп кешеніне бағытталған субсидиялық қаражат сомасы 929,2 миллиард теңгені құралады. Алайда бәріміз көріп отырғандай бұл салада ешқандай нақты алға жылжушылық жоқ. Экономикадағы ауыл шаруашылығының үлесі небәрі 5 пайыздық межелен аса алар емес. Экспорттың көлемі де басқа салалардың өнімдерімен салыстырғанда тым төмен деңгейде орналасқан, — деген Премьер-Министрге жолданған депутаттық сауалда.

Мәселен, ондаған жыл бойы астық экспорттың қалыптасқан саясаттың салдарынан қазақ елі әлемдік нарықта өзінің көшбасшылық позициясынан айырыла бастаған. Тек соңғы он жылдың өзінде ғана 63 елге шығарылатын Қазақстанның астықты және майлы дақылдарды экспортты 44 елге дейін төмендеп кеткен.

Түйткілді түйінін анықтамақ болып, алдымен «Қазақ майлы дақылдар қайта өңдеушілерінің ұлттық ассоциациясы» төрағасы Ядыкар Ибрагимовты әңгімеге тарттық. Майлы дақылдар айналасындағы өзекті мәселені ол бүге-шігесіне дейін айтып берді. Ассоциация төрағасының мәліметінше, 2023 жылы үлкен күрестің арқасында күнбағыс дақылна салынған экспорттық 20 пайыздық баж салығы майлы дақылдардың шикізат күйінде шығуын тоқтата алмаған. Салдарынан, майлы дақылдардың кемінде 20-25 пайызы тек шикізат күйінде сыртқа шығарылып жатыр. Бұл өз кезегінде Орта Азиядағы Өзбекстан, Тәжікстан сияқты өздерінде майлы дақылдарды өндіре алмайтын елдерде май өңдеу кәсіпорындарын ашуға мүмкіндік берген.

— Қазіргі қазақ май зауыттарының 3,6 миллион тонна майлы дақылдарды

өңдеуге қуаты бар. Бірақ іс жүзінде тек 32 пайыз қуатымен ғана жұмыс істеп тұр. Өйткені өнімнің неғұрлым мол бөлігі сыртқа шикізат күйінде шығарылуынан саладағы жағдай аса құлдырап кетті. Мұны біз Ауыл шаруашылығы министрлігіне жылдар бойы түсіндіріп келеміз. Экспортқа 20 пайыз баж салығы жеткіліксіз. Бізден 15 есе көп майлы дақылдар шығаратын Ресей, мемлекеттік бажы



КҮНБАҒЫС ТА КЕТТІ КӨРШІГЕ

50 пайызға дейін көтеріп отыр. Яғни, рубльмен санағанда 32 мың, ал еуромен есептесек 310 еуроға шығады. Осыдан кейін Ресейдің барлық шикізат өнімі өзінде қалып, өзінде өңделеді. Әрі бізге өңделген өнімдерін шығарып, пайдасын көріп отыр. Өзіміз өңдемесек, іс осылай жалғасып кете береді. Қазір тәжіктер мен өзбектер де қазақ шикізатын алып өздерінде өңдеу кәсіпорындарын салып алған. Қазақ соясының да көп бөлігі экспорт асып кетеді. Қытай күнбағысты импорттаушы ел саналады. Бірақ 9 пайыз қосымша құн салығы және 9 пайыз басқа салықты қосқанда біздің мемлекеттік бажбен теңесіп кетеді. Қазір май шикізаты үшін біздегі 50 шакты май зауыттары бір-бірімен бәсекелесіп жатыр. Елімізде өңдеу ісіне назар аударылмаса өз өндірісіміздің жағдайын түзесек жағдай одан сайын құлдырай береді. Біздегі жағдайды анық аңғарған өзбектер бағаны да тым төмендетіп қойған. Өйткені басқа амалдың жоғын жаксы біледі, — дейді Ядыкар Ибрагимов.

Салыстырмалы түрде статистикаға жүгінсек, 2018 жылы қазақ елінің өсімдік шаруашылықтары 10 миллион тоннадан астам өнімін сырт елдерге экспортқа шығарған. Ал арада алты жыл өткенде экспортқа шығарылатын қазақ майлы дақылдарының өнімі 4 миллион тоннаға дейін азайып шыға келген.

Өз кезегінде майлы дақылдар өсіретін шаруалар да күнбағыс өсірудегі қиындықтарын бөлісті. Олардың айтуынша, майлы дақылдарды егуден жердің құнарлығы төмендеп кетеді. Табысты болып көрінгенімен машақаты көп. Сондай-ақ өндірілген майлы дақылдарды сатудың өзі үлкен қиындықтарға толы. Мұндай уәжді Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданына қарасты «Лавровка» ЖШС басшысы Самат Қошанов жеткізді.

— Майлы дақылдарды өсіру көпшілікке табысты болып көрінгенімен шын мәнінде аса шығынды болып отыр. Қазір өнімді тасуға вагондар тапшы. Элеваторлардың бәрі Азық-түлік келісімшарт корпорациясының бидайымен толып тұр. Майлы дақылдан бұрын бидайды қабылдата алмай жатырмыз. Баға өте төмен. Осы көктемде 250 мың теңгеге дейін барған рапстың құны қазір небәрі 175 мыңнан

ғана болып тұр. Бұл біздің жұмсаған қаражатымызды да қайтара алмайды. Күнбағыс, лен сияқты майлы дақылдарды өсіргеннен кейін жердің құнары да кетеді. Келесі жылы міндетті түрде парға қалдыру қажет болады. Техникалары да қымбатқа түседі. Бидай быыл мол шыққанымен сапасы төмен. 3 класты бидай жоққа тән. Тек 4-5 сыныпты бидай ғана бар. Оны 45-50 мың теңгеге ғана бағалап жатыр. Элеваторлар майлы дақылды мүлде қабылдамай жатыр. Өнім алғаннан кейін қайда жіберерімізді де білмей дағдарған жағдайдамыз, — дейді Самат Қошанов.

Үкімет саладағы құлдырап кеткен жағдайды оналту мақсатында биылғы жылы көктемгі егіс науқанына бұрынғыдан қарағанда екі еседен астам қаражат бөлен. Алайда аграрлық өнеркәсіп кешендеріне бөлінген барлық қаражаттың 70 пайызы әлі де болса мемлекеттің қазынасынан бөлінгені анықталып отыр. Депутаттар омакаса құлап, берекесі кеткен саланың бойына қайтадан қан жүгірту үшін коммерциялық банктердің қаржысын тарту қажет деп санайды.

— Фермерлерге өсімақысы төмен несие беру үшін мемлекеттік қаржы институттарын субсидиялау және алдыңғы қатарлы аграрлық елдердің банктерге қатысты тәжірибесін қолдану қажет, — деді Парламент Сенатының депутаты Сұлтан Дүйсеминов.

Қазір елдегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі күрделі көп жақты міндеттердің жүзеге асыруын қажет етеді. Оның өзектілігімен қатар экономикалық, әлеуметтік және саяси аспектілері бар екенін естен шығармаған жөн.

Күнделікті әр отбасы тағамға қосып тұтынатын күнбағыс майын өндіру зор жауапкершілікті қажет ететін сала екені рас. Ресми деректерге сенсек, соңғы үш жылдың ішінде күнбағыстың егістік алқаптары 40 пайызға дейін өскен. Жыл сайын қазақ елі 1 миллион тоннадан астам күнбағыс дәнін жинайды. Өнім көлемі осындай болғанымен Қазақстандағы майлы дақылдарды қайта өңдейтін зауыттар жылына 3,3 миллион тонна өңдеуге қауқарлы. Яғни, елде майлы дақылдардың егістік алқабын кеңейтіп, өндірісті ұлғайтуға мол мүмкіндік бар. Майлы дақылдарды өсірудің артық-

шылығын халық қалаулылары да баса айтты.

— Май өндірісі — еліміздегі едәуір қарқынды дамып келе жатқан әрі барлық бағыт бойынша айтарлықтай жетістікке қол жеткізген саланың бірі. Майлы дақылдарды өндіру және қайта өңдеу басымдыққа ие болуға тиіс. Ішкі және сыртқы нарықтарда да саланың өте үлкен әлеуеті бар екенін естен шығармау қажет, — дейді Сенатор Сұлтан Дүйсеминов.

Парламент депутаттарының мәліметінше, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан сияқты Орталық Азия елдері егістік алқаптарының тым азығына әрі табиғи-климаттық жағдайларының қолайлы болмауына байланысты майлы дақылдарды жеткілікті көлемде өсіре алмайды. Сондықтан қазақ елі Орталық Азиядағы 90 пайыздан астам үлесі бар күнбағыс өндіруші ел болып табылады.

Бұл орайда әлемде халқының саны жөнінен көш бастаған қытай елінің жыл сайын 36 миллион тонна өсімдік майын тұтынып, 11 миллион тоннаға жуығын сыртқы елдерден импорттайтынын ескеру қажет.

— Егер Қытай нарығын қарастырсақ, біздің экспорттық әлеуетіміз жоғары. Бізде экспортқа салынатын мемлекеттік баж салығы бар. Өндірісті ынталандыру үшін біз шикізатты шекарадан шығарулы бұғаттап амалдарға боламыз. Бірақ мұның салыны дамуына әрі үздіксіз жұмыс істеуіне көмегі маз емес. Мемлекеттік баж салынғанымен көрші елдерге майлы дақылдардың шикізат күйінде экспортталуы тоқтар емес, — дейді халық қалаулылары.

Тағы да статистикалық деректерге жүгінсек, 2018 жылы қазақ елінің күнбағыс экспорты 1 миллион тоннадан асса, 2019 жылы одан 26,9 пайызға ұлғайып, бір жылда көрші елдерге жөнелтілген майлы дақылдардың көлемі 1 миллион 270 мың тоннадан асып жығылған. Ал қазіргі жағдай, тіпті ақылға сыйымсыз мүшкіл күйге жеткен. Елде жеткілікті көлемде майлы дақылдар шикізаты өндіріліп, әрі

P.S.

Қысқасы, отандық өндірістің, оның ішінде ауыл шаруашылығының шикізат күйде өнім шығарудан арылып, алынған өнімді өңдеуге баса назар аудармаса, ел экономикасының кезегесі кейін тартып, көршілердің «сауын сныры» ғана болып қала бермесіне кім кепіл? Ел экономикасының түзеліп, төрт аяғын тең басып, отандық нарықты да қамтамасыз етумен қатар шетелдерге де бәсекеге қабілетті өнім шығару үшін қазірден бастап әрекет ету қажеттігі сұранып тұр. Сондықтан түйткілді түйінін тарқату үшін Үкіметтен бастап құзырлы министрліктер мен жергілікті атқарушы органдар тиісті шешімді ертерек қабылдағаны жөн екенін ескерсе дейміз...

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сатып алуды ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайында орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. (Университеті) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алудың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 20-бабы негізінде Университеттің №1 бас оқу ғимараты мен №2 ерлер жатақханасы ғимаратының арасындағы жау жүргіншілер жолының цемент жабындысының беткі қабаттарының үгітліуіне байланысты брусчатка төсеу жұмыстарына сатып алу өткізу.

Сатып алудың нысаны болып табылатын орындалатын жұмыстардың мерзімі: тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сәй баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұранамыз:

- Құрылыс мердігерінің қаржылық жағдайы туралы банктен алынған анықтамасы;
- Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында құрылыс мердігері ұсынылған жалпы сомасының кем дегенде 5% мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізуі шарт; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы, 29В, БСН 990440008043, БСК HSBKZKX, ЖСК KZ436010291000010707, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.

Орындалатын жұмыстардың көлемін <http://ayu.edu.kz/> сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайында орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 08.10.2024 (12:00), №201-кабинет.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты: Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайында орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203-кабинетте қабылданады.

«ГПЭС 15000 м/сағ күрделі жөндеу» жұмыстарын сатып алу бойынша ашық тендердің нәтижелері туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «ГПЭС 15000 м/сағ күрделі жөндеу» жұмыстарын сатып алу бойынша ашық тендер өткізілмеді деп таниды. Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-04-76 телефоны арқылы алуға болады.

Объявление о результатах открытого тендера по закупке работ «Капитальный ремонт на 15000 м/ч ГПЭС»

ТОО «Азиатский Газопровод», признает открытый тендер по закупке работ «Капитальный ремонт на 15000 м/ч ГПЭС» - несостоявшимся. Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-76.

«Офисті күзету» қызметтерін қайта сатып алу бойынша ашық тендердің нәтижелері туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Офисті күзету» қызметтерін қайта сатып алу бойынша ашық тендер өткізілмеді деп таниды. Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-04-76 телефоны арқылы алуға болады.

Объявление о результатах повторного открытого тендера по закупке услуг «Охрана офиса»

ТОО «Азиатский Газопровод», признает повторный открытый тендер по закупке услуг «Охрана офиса» - несостоявшимся. Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-76.

«Медициналық қызмет көрсету» қызметтерін сатып алу жөніндегі қайта ашық тендердің қорытындылары туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС Қазақстан Республикасы, Түркістан обл., 161100, Төлеби ауданы, Ленгер қаласы, Абдукарим Бектайұлы көшесі, 74 үй, БСН 190940019159, «Яссин» Медициналық орталығы ЖШС тендерлік өтінімі «Медициналық қызмет көрсету» қызметтерін сатып алу бойынша қайта ашық тендердің жеңімпазы деп таниды.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-02-04.

Объявление об итогах повторного открытого тендера по закупке услуг «Медицинское обслуживание» ТОО «Азиатский Газопровод» признает победителем повторного открытого тендера по закупке услуг «Медицинское обслуживание» - тендерную заявку ТОО «Медицинский центр «Яссин» - Республика Казахстан, 161100, Туркестанская область, Төлебийский район, город Ленгер, ул. Абдукарим Бектайұлы, здание 74, БИН 190940019159. Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-02-04.

А Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

ОЙЫН БИЗНЕСІНЕ АЙНАЛДЫРҒАНДАР КӨП

Жасыратыны жоқ, соңғы кездері құмар ойынның құрығына түскендердің саны бірнеше еселеп артып барады. Психологтар лудомания кәсіргі қоғамның дертіне айналды деп дабыл қағып отыр. Соңғы жылдары елімізде жасырын казино ашып, құмар ойынды бизнеске айналдырғандар да көптеп кездеседі. Департамент басшысының орынбасары Санат Жұмабайұлы заңсыз ойын бизнесі — бұл мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігіне қауіп төндіретін, халықтың әл-ауқатын нашарлатып, жастардың болашағына балта шабатын, әлеуметтік қаттығыстарға апаратын көленкелі экономиканың бір бөлігі екенін атап өтті.

Осыдан 3 жыл бұрын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Қаржылық мониторинг агенттігі болып құрылған мекеме қазір экономикалық және қаржылық құқықбұзушылықтарды ашу, алдын алу, анықтау және тергеумен айналысып келеді. Заңсыз ойын бизнесімен күресу департаменттің негізгі бағыттарының бірі болып отыр.

Былтырғы дәл осы уақытта ойын бизнесі бойынша 13 қылмыс анықталса, биыл жыл басынан бері 7 қылмыс белгілі болған. Бүгінде 7 қылмыстың бесеуі сот қарауына жолданып, айыптау үкімдері өз күшіне енген. Ал өткен жылғы 13 істің 10-ы сотқа жолданған болатын. Қылмыстық істер аясында 18 ойын аппараты, ноутбук пен компьютерлер, ойын карталары, фишкаралар тәркіленіп, заттай дәлелдеме ретінде танылған. Сот үкімдеріне сәйкес, компьютерлік техникалар мемлекет есебіне өткізіліп, ойын аппараттары жойылған.

Департамент қызметкерлерінің іздестіру шаралары аясында Instagram әлеуметтік желісі арқылы заңсыз лотерея ұйымдастыру фактісі анықталған. Департамент басшылығының айтуынша, Шымкент қаласының тұрғыны «Лотереялар және лотерея қызметі туралы» заңның талаптарын бұза отырып, тиісті лицензиясыз, заңсыз пайда табу мақсатында тікелей эфирде 2 аккаунттан «ЛОТО» ойнатқан. Лотерея ұтысы ретінде Toyota Land Cruiser Prado маркалы автокөлігі, Samsung, iPhone, Redmi смартфондары, зергерлік бұйымдар және тұрмыстық техника қойылған. Аталған заттар тәркіленіп, заттай дәлелдемелер деп танылды.

Сонымен қатар ол лотерея билеттерін сату бойынша белсенді жарнаманы жүзеге асырып, сатылған билеттерден түскен қаражатты өзінің карт-шотына және туыстарының шоттарына жинағаны белгілі болды. 2023 жылғы 10 қыркүйектен 29 қарашаға дейін сатылған билеттерден түскен қаражаттың жалпы сомасы 96 млн теңгеден асқан. Бүгінде сот үкімімен азамат кінәлі деп танылып, оған 1 жылға бас бостандығын шектеу түріндегі жаза тағайындалды. Сот үкімі бойынша алынған

ТҮЙТКІЛ

Биыл жыл басынан бергі 9 айда Шымкентте ойын бизнесі бойынша 13 адамға сот айыптау үкімін шығарды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар орталығында өткен брифингте Шымкент қаласы бойынша Экономикалық тергеу-тексеру департаменті басшысының орынбасары, экономикалық тергеу қызметінің подполковнигі Санат Құлбаев атап өтті. Оның төртеуі бас бостандығынан айыру, 9-ы бас бостандығын шектеу жазасына кесілген.

ҚҰМАР ОЙЫНМЕН КҮРЕС — БАСТЫ НАЗАРДА



Елнар ҚАБА (қолында)

заттай дәлелдемелер мемлекет кірісіне тәркіленіп отыр.

УЕБ-САЙТТАР МЕН ПАРАҚШАЛАР БҰҒАТТАЛАДЫ

Экономикалық тергеу қызметінің подполковнигі Санат Құлбаев агенттік пен Шифрлық даму, инновациялар министрлігімен бірлесе атқарылған жұмыстар нәтижесінде заңсыз уеб-сайттар және парақшаларды, яғни заңсыз ойын бизнесі мен қаржылық пирамида саласын бұғаттау мүмкіндігі берілгендігін айтады.

«Парақшаларды бұғаттау мүмкіндігі «Кибернадзор» жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Осы жұмыс нәтижесінде жыл басынан бері 600-ден астам заңсыз ойын бизнесі уеб-сайттары және әлеуметтік желілердегі парақшалар бұғатталды», —

деп атап өтті департамент басшысының орынбасары.

Брифинг барысында казино, ойын автоматтары залдары, букмекерлік кеңселер мен тотализаторлардың тек Алматы облысының Қапшағай су қоймасының жағалауында және Ақмола облысының Бұрабай ауданында жергілікті атқарушы органдар айқындайтын аумақтар шегінде ғана орналастыруға болатыны айтылды. Сонымен бірге «Ойын бизнесі туралы» заңда белгіленген тәртіптер, ерекшеліктер хабарланды.

Айта кетейік, Президент Ұлттық құрылтайда лудоманиямен күрестің кешенді жоспарын құруды тапсырған болатын. Осы тұрғыда Үкіметтің 2024 жылғы 31 мамырдағы қаулысымен заңсыз ойын бизнесі мен лудоманияға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2024–2026 жылдарға арналған кешенді жоспары қабылданды.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында 26 ойын бизнесі субъектілері, оның ішінде 6 казино, 9 ойын автоматтары залы, 11 букмекерлік кенсе жұмыс істейді. 2020 жылы букмекерлік кеңселер, тотализаторлар қасалары Алматы облысы Қапшағай су қоймасы жағалауында және Ақмола облысы Бұрабай ауданында орналасқан ойын аймақтарына шығарылды.

Мемлекеттік бақылауды күшейту нәтижесінде 2021 жылдан бастап 36 ойын мекемесі, оның ішінде 28 букмекерлік кенсе, 6 тотализатор және 2 ойын автоматтары залы лицензиядан айырылды. Үкіметтің 2 жылға арнап түзген кешенді жоспары шеңберінде бірқатар



2024 жылғы наурыздан бастап еліміздің азаматтарымен ел аумағында тұратын шетелдіктер eGov mobile мобильдік қосымшасы арқылы құмар ойындарға қатысудан 6 айдан 12 айға дейінгі мерзімге ерікті түрде шектеу туралы өтініш бере алады. Бүгінде бұл көрсетілетін қызметті 110 мыңнан астам адам пайдаланды.

көрсеткішке қол жеткізу жоспары бар. Олар бойынша:

— құмар ойындарға және бәс тігуге тұрақты қатысатын адамдар санын 350 000-нан 201 600 адамға дейін азайту; 2024 жылы — 35 000 (10%), 2025 жылы — 63 000 (20%), 2026 жылы — 50 400 (20%);

— құмар ойындарға патологиялық тәуелділіктен зардап шегетін адамдарды мемлекет есебінен тегін емдеумен және медициналық-әлеуметтік оналтумен қамтуды 13-тен 300 адамға дейін ұлғайту; 2024 жылы — 50 адам, 2025 жылы — 150 адам, 2026 жылы — 300 адам;

— бұғатталған интернет-казинолар мен заңсыз букмекерлік сайттардың санын 4 500-ден 7 722-ге дейін; 2024 жылы — 450-ге (10%), 2025 жылы — 990-ға (20%), 2026 жылы — 1 782-ге (30%) арттыру.

Барлық іс-шаралар мемлекеттік органдардың қолданыстағы бюджеттік лимиті шеңберінде және бюджеттен тыс қаражат есебінен іске асырылмақ.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы лудоманияны немесе құмар ойындарға тәуелділікті ресми түрде патологиялық

тәуелділік деп таныды. Құмар ойындарға тәуелділік біздің республикамызда да таралған. Статистикаға сүйенсек, лудомания және құмар ойындарға тәуелді адамдар саны 350 000 жуық болса, олардың көпшілігі жасөспірімдер екен.

2024 жылғы наурыздан бастап еліміздің азаматтарымен ел аумағында тұратын шетелдіктер eGov mobile мобильдік қосымшасы арқылы құмар ойындарға қатысудан 6 айдан 12 айға дейінгі мерзімге ерікті түрде шектеу туралы өтініш бере алады. Бүгінде бұл көрсетілетін қызметті 110 мыңнан астам адам пайдаланды.

«Қазір жоғары кәсіп оқушылары арасында да онлайн казино ойнау деректері бар. Лудоманияға шалдыққан оқушылардың емделіп жүру деректерінде бар екенін айтып өткен жөн. Сондықтан балаларымызды, оқушы және студент жастарымызға аталған қызметті пайдаланып, өздеріне шектеу қойғаны дұрыс деп санаймын», — деп атап өтті Санат Жұмабайұлы.

Бүгінде осынау зиянды шараның алдын алу мақсатында Шымкент қаласындағы 86 мектеп, 7 жоғары оқу орны және 4 колледжі қамтыған жалпы саны 15 000 оқушы, 3 000-ға тарта студентке осы бағытта түсіндірме жұмыстары жүргізілген.

Сонымен бірге қазір қала аумағында букмекерлік кеңселер мен тотализаторлардың жарнамаларына шектеу қойылған. Атап айтқанда, букмекерлік кеңселер мен тотализаторларды сыртқы жарнамасына, сондай-ақ олардың қызметін көлік құралдарында, бұқаралық ақпарат құралдарында, кино, видео-және анықтамалық қыз-

мет көрсету орындарында жарнамаға тыйым салынған. Одан бөлек, лотерея қызметін реттеу тетіктері жаңартылған. Тұрғын үйлерде, жатақханаларда, ғибадат үйлерінде, мәдениет ұйымдарының ғимараттары мен құрылыстарында, әлеуметтік объектілерде (білім беру, денсаулық сақтау), сондай-ақ олардан жүз метр қашықтықтағы радиуста лотерея билеттерін таратуға және лотерея терминалдарын орнатуға тыйым салынды.

Департамент басшылығы сонымен бірге заңсыз ойын бизнесімен күресуде департаментке заңсыз тұрған ойын автоматтары туралы ақпарат жолдайтын белсенді азаматтардың да маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

«Әрбір азаматты әлеуметтік жауапкершілік танытып, осындай фактілер жайлы хабарлауға шақырамын. Әрқайсысымыз балаларымызды құмар ойындарға тәуелділіктен зиянды әсерінен қорғай аламыз. Департаменттің сенім телефонна хабарласу арқылы сіздер де бұл ойынға тосқауыл қоюға үлес қоса аласыздар», — деп атап өтті брифинг барысында Санат Құлбаев.

БЕЛЕС

ТАСҚЫННАН КЕЙІНГІ ТІРШІЛІК

Тасқыннан кейінгі Құлсары қалыпты өмірге оралып жатыр. Күні кеше Құлсары қаласында су тасқыны кезінде баспанасыз қалған 80 тұрғынға жаңа үй берілді. Тасқыннан зардап шеккен тұрғындар үшін Құлсарының биік жерінен «Болашақ» атты ықшамаудан салынып, оның алғашқы 80 тұрғыны қоныстойын тойлады. Қалған 20 үйдің кілті жақында иелеріне беріледі. Сондай-ақ бүгінде 1 193 азамат өтемақы алып, үйлерін қайта қалпына келтіріп, жөндеу жұмыстарымен айналысып жатыр.

А Баян ЖАНҰЗАҚ,
Атырау облысы

Жылыой ауданы әкімінің орынбасары Гүлнафис Айшуақованың айтуынша, жаңадан бой көтерген ықшамауданда газ желісі толығымен тартылып тұр.

«Тұрғындарды жылыту маусымына дейін толықтай газбен қамту жоспарланып отыр. «Болашақ» ауданы қаладан 5-6 шақырым қашық жерде. Сондықтан тұрғындар үшін 1 қазаннан бастап қоғамдық көлік қатынай бастайды. Жарық шамдары мен қосымша абаттандыру жұмыстарын жүргізу де жоспарда бар. 100 үйдің 80-і «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен бой көтерді, қалғанына облыстық бюджеттен қаражат бөлінді. Ауласы 10 сотық болатын жаңа үйлердің сапасын арнайы мамандар бақылауда ұстады», — деді Жылыой ауданы әкімінің орынбасары Гүлнафис Айшуақова.

Жаңадан көтерген ықшамауданда көшелерге толық асфальт төселді. Мектеп пен балабақша, спорт кешенін тұрғызу жоспарда. Тұрғындарға тапсырылып отырған заманауи үйлер маусымның соңында басталған болатын. Үш ай ішінде құрылысы аяқталған үйлердің әрқайсысының ауданы — 100 шаршы метр.

Күләш Машенова — тасқыннан зардап шеккен Құлсары қаласының тұрғыны.

«Тасқын кезінде үйіміз бұзылғанымен, шүкір, түбі қайыр, арты жақсы болды.

Үйіміз апатты деп танылған соң, сүруге тура келді. Әдемі, сәулетті жана үй салып алдық», — дейді жана қоныс иесі.

Жаңа үйге қол жеткізгендердің қатарында құлсарылық Шолпан Назарова да бар. Осыған дейін 60 шаршы метр қуықтай баспанада тұрған ол кең әрі жана үш бөлмелі үйдің иесі атанды.

«Үйіміз суға кеткеннен кейін киыншылық болды. Қазір киын күндер артта қалды. Көңіл күйіміз де жақсы. Жаңа үй алдық. Қоныстанып жатырмыз», — дейді құлсарылық Шолпан Назарова.

Ерекше атап өтерлігі, «Болашақ» ықшамауданында тұрғындардың барынша жайлы өмір сүруге бар мүмкіндік қарасты-



рылып жатыр. Қазір жана ауданда «Жайлы мектеп» жобасы аясында «Vinom» мектебін салу жоспарлануда. Жылыой ауданының әкімі Жұмабек Қаражановтан білгеніміздей, ықшамауданды дамыту жоспары жасакталған.



— Vinom мектебі мен балабақша жобасын жасактауды жоспарға алдық. Сонымен қатар «Самұрық-Қазына» АҚ-мен келісім аясында осы аумаққа спорт кешен салынады. Сондай-ақ мұндағы көшелер мен Құлсары қаласына дейінгі тасжол жарықтандырылады», — деді Жұмабек Қаражанов.

Аудан әкімінің айтуынша, ықшамаудандағы құрылыс жұмыстарын бақылау үшін тұрғын үй аумағына 7 камера орнатылған. Енді оларды қауіпсіздік мақсатында пайдалану үшін орталық жүйеге қосады. Сонымен қатар көше бойына «Сергек» камералары орнатылады. Бұдан бөлек, жергілікті мердігер мекеменің демеушілігімен ашық спорт алаңы салынады.

Қазіргі уақытта жаңа ықшамаудандағы 12,1 шақырым жолдың 7,5 шақырымы пайдалануға берілді. Ал 1 қазаннан бастап «Болашақ» ықшамауданына қоғамдық көліктер қатынай бастайды. Аталған ықшамауданға қалаішілік №9 маршрут жүреді. Желіге 6 автобус бөлінеді.

Айта кетейік, қазіргі уақытта мұнда қоғамдық көліктер қалаішілік 12 бағытта

және ауылдық округ және кент бойынша 6 бағытта жолаушыларды тасымалдауда. Аудан бойынша тұрғындарға 80 шақты автобус қызмет көрсетіп келеді.

Тасқыннан кейінгі Құлсарыда жақында жана спорт нысаны пайдалануға берілді. Құлсары қаласындағы №1 ықшамауданында салынған жана спорт кешенінің ауданы — 1 543,5 шаршы метр. Қос қабатты спорт кешенінде қала жастары футбол, дзюдо, бокс, күрес секілді спорттың төрт түрі бойынша жаттығады. Бұдан бөлек, 150 орындық көрермен залы және жаттығу залы бар. Кешенің негізгі залы футболға арналған. Онда футболға қажетті барлық құрал-жабдықпен, арнайы төсенішпен қампалған.

Айтпақшы, қазір Құлсарыда теміржол вокзалына күрделі жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Ауданы 211,4 шаршы метр ғимарат заманауи стильге сәйкес жаңартылады.

Жөндеу жұмыстары аясында вокзал аумағын абаттандыру және шағын алаң салу жоспарлануда. Сонымен қатар перронға дейінгі жол жөнделіп, жарық шамдары орнатылады. Мүмкіндігі шектеулі жандардың қауіпсіздігі мен жайлылығы үшін ескі пандус ауыстырылады.

Күрделі жөндеу жұмыстары келесі жылдың 1 тоқсанында аяқталды деп күтілуде. Осы уақытқа дейін жолаушылар ескі вокзалдың қызметтерін пайдаланады.

Айта кетерлігі, жақында ел Үкіметі резервінен Атырау облысындағы су тасқынынан бүлінген жолдарды жөндеуге шамамен 5,9 млрд теңге бөлінген болатын. Бөлінген қаражаттың 4,6 млрд теңгесі облыстық маңызы бар автожолдардың жеті учаскесін жөндеуге бағытталды. Бұл тізімде «Индер — Қарабау — Сағыз», Қарабау кентіне кірме жолдар, «Сарытоғай — Махамбет», «Атырау — Индер» және Құлсары қаласындағы жаяу жүргіншілер жолы бар. Сонымен қатар «Индер — Қарабау — Миялы — Сағыз» автожолындағы көпір мен су өткізгіш құбырлар құрылысына шамамен 1,3 млрд теңге бөлінеді.

Қазіргі уақытта тасқын өтінде болған Жылыой, Индер, Махамбет аудандары және Атырау қаласында бұзылған жолдарды қалпына келтіру, көпір салу, баспанасы суға кеткендерге жана үй тұрғызу, өтемақы төлеу бойынша жұмыстар жүріп жатыр.

3 ҚАЗАН 2024 | БЕЙСЕНБІ

Қызығы мен шыжығы қоса жүрген биылғы футбол ойындарында біздің құрама өз сапарын аяқтады. Өзбекстанда өтіп жатқан додада жартылай финалға жолдаманы Қазақстан мен Аргентина құрамалары сарапқа салған еді. Тартысты ойында аргентиналық жігіттер басым түсіп, келесі кезеңге аяқ басты.

Әсет ҚАЛИ

Футзал тарихында Аргентина – Қазақстан өз алдына 3 рет бөсекеге түсіпті. Бір жеңіс аргентиналықтардың еншісінде болса, бірі біздің жігіттерге тиесілі. Үшінші ойында екі жақ тең тараққан. Жарысқа сакадай сай келген Оңтүстік Америка жігіттері бірінші минуттан бастап допты өз иеліктерінде ұстады. Кака шәкірттері Португалиямен кездесуден кейін ойын стилін өзгертіп, көбірек қорғанысқа бекінген. Өзбекстанның «Хумо арена» атты стадионы 12 мың адамға лық толды. Көршілес өзбек ағайындардың біздің құрамаға барынша қолдау көрсетіп жатқаны қатты

Арнольд Кнауб допка таласу үстінде қарсыласты «шынтакпен бір ұрды» деп төрешінің сары қағазын алды. Одан кейін 1 минут көлемінде Дәурен Тұрсағұлов та сары қағаздың құрбаны болды. Биылғы футбол ойындарының бір ерекшелігі – Var жүйесінің өте сәтті қолдануы болып отыр. Бұл төрешілердің жұмысын біраз жеңілдетіп, күдік пен күмәнді сейілтп жатқаны сөзсіз. Бірінші таймның соңғы секундтарында Дугластың ғаламат соққысын қақпаның бағаны құтқарып қалды. Осылайша, екі құрама бірінші таймды 0:0 есебімен аяқтады.

Екінші тайм біз көздегендей болмады. Аргентиналықтардың бас бапкері Матиас Лукуикстің ойыны күрт өзгерді. Оның шәкірттері ойнау стилін бос кеніс-



ФУТЗАЛ: БІР ҮМІТ, БІР ӨКІНІШ

алып, Игитаға пас берген сәтте доп қақпа бағанына тиіп, Клаудиноның дәл аяғына түсті. Есеп 2:0. Ешкімді кінәлауға хақымыз жоқ. Жігіттеріміз ойынды ары қарай ширата түсті. Испания қақпасын торуылдап кеткеннен кейін қақпашысы да саса бастады. Бірақ шабуылдаймыз деп қорғанысты да бақылап отыру керек. Сондай бір шабуылдардың кезінде аргентиналықтар қарсы шабуылға шығып тепкен добы Арнольдтің қолына тиеді. Төрешілер алғашында фолды көрмей, ойынды жалғастыра берді. Кейіннен пенальти белгіледі. Мүмкіндік мүлт кетпеді. Осылайша, таблодағы есеп 3:0-ге өзгерді. Кака енді басқа әдіске көшті. Қақпашыны алып тастап, оның орнына бесінші ойыншыны қосты. Қарсыласты толықтай қысымға алып, мойын бұруға мұрша бермеді. Осындай сәттерде өте абай болу керек. Өйткені доп қарсыластың аяғына түссе, бірден қақпаға көздейтін әдеті бар. Ол бірден голға ұласуы мүмкін. Айтқанымыз сол еді, сәтсіз пастың кесірінен алаңның

ортасынан тебілген доп дәл қақпаға кірді. Кака ашуға булықты. Алаңға бесінші ойыншы ролінде Игита шықты. Ойын біздің еншімізде болғанмен, есеп әлі өзгермей тұр. Кенет Тұрсағұлов өзіне келген пасты бірден соққыға ұластырып, Николас Сармен-

тоның қақпасына гол соқты. Лық толы стадион бір сілкініп, жана бір үміт сыйлағандай болды. Қуанышымыз көпке созылмады. Қатарынан 2 гол өткізіп, жігітеріміздің салы суға түсті. Келесі кезеңге жолдаманы Аргентина алды.

Матч аяқталғаннан кейін құрамамыздың бас бапкері Рикардо Кака жауапкершілікті өз мойнына алатынын айтты. «Бүгін өз деңгейімізден әлдеқайда төмен ойнадық. Ал Аргентина өте сауатты әрі жақсы өнер көрсетті. Барлық жауапкершілікті өз мойныма аламын. Бұл – құрама тарихындағы ең нашар ойындардың бірі. Команданың көшбасшысы ретінде мұны мойындаймын. Жанкүйерлеріміздің бүгінгі қолдауына лайық болмадық. Ары қарай жұмыс істеуді жалғастырамыз. Мұнымен өмір тоқтап қалмайды», – делі бас бапкер.

Қазақстан футбол ассоциациясының вице-президенті Нұрсұлтан Құрман өз Instagram парақшасында:

«Ұят емес. Иә, бұл ойыннан қазақ жанкүйері біраз дүние күтті. Бұл кейбір ойыншылардың армандаған ойындағы жеке қойған әлем чемпионаты болды. Ең алдымен 6:1-ге тоқталайық. Бұл – футбол. Футзалда 6:1-ді «ойсырай жеңілді» деп айта алмайсың, өйткені сен 2 доп айырмасымен жеңіліп жатсан, бесінші ойыншыны қосыуға тура келеді. Ал ол жерде ешкім сақталдырылмаған, бірнеше гол жіберуің мүмкін. Сондықтан жігіттер барын салды. Бірінші таймды керемет ойнап берді, екінші таймда психология шешіп кетті. Тағы айта кетсем, біздің жолымыз Аргентинаға қарағанда ауырлау болды. Испаниямен бір шаршалық, одан кейін Португалиямен бүкіл эмоциямызды беріп тастадық. Ал Аргентинаның тобы да, жолы да кішігірім жеңілдеу болды.

Кака мұрзаға алғысымыз шексіз. Ойыншыларға алғыстан басқа ештеңе айтпаймыз. Кереметтей жорық болды. Жорық осымен тоқталды. Бірақ алда әлі Еуропа біріншілігі бар. Біздің жастар өсіп келе жатыр, тәжірибе алып жатыр десек те болады.

Тағы бір айтатын дүние: құрметті ата-аналар, өздеріңіз көргендей, бізде қолжетімді спорт түрі – футбол. Балаларыңызды футболға беріңіздер. Барынша қолдау білдіріңіздер. Бізде бұл спорттың бұқаралық сипаты бар. Енді осыны кәсіби деңгейде арттыру керек. Ол сіз бен біздің, ата-ана мен баланың арқасы деп ойлаймыз. Ары қарай дайын материал болған кезде Какаға да онай болары сөзсіз», – деп жазды.

Бұл додада өте әсерлі ойындарға куә болдық. Әр ойыншы алаңға шыққаннан бастап маңдай терін төкті. Мұнымен берілмейміз, мойымаймыз. Ұлттық құрамымыз жейдесінде 100-матчын өткізген Игита да алдағы Еуропа біріншілігінде ұлттық құрама сапында ойнайтынын хабарлады. Жігіттеріміз жана серпіліс күтеміз.



қуантты. Иә, әр бұрыштан көк байрағымыз көтеріліп, «Алға Қазақстан!» деп ұрандап жатқан жанкүйердің дауысын естігенде рухың тасып кетеді екен.

Екі құрама да ойынға тастүйін дайындықпен келіпті. Белгіленген уақыт 20 минутты көрсеткеннен, бірінші тайм 40 минутқа созылды. Қазақстан құрамасы допты алған сәттен бастап контршабуылға кірісті. Бас бапкердің жігіттерге айтқан тапсырмасының арқасында бірнеше қауіпті соққыны жасадық. Бірінші таймның өзінде біздің құрама қақпаға дәл соққы көрсеткішімен қарсыластан басым түсті. Таймның орта тұсында

тікке төсеп, еркін ойнауға көшті. Біздің жігіттер де қапы қалар емес. Әр соққыға тосқауыл қойып, қарсыластың осал тұсын табуды көздеп бақты. Кескілескен шайқаста бір құраманың гол соғуы айқын дүние еді. Не біз соғамыз, не Аргентина соғады. Таймның 22-минутында Роса атты ойыншы ортадан алдап өтіп, қақпамыздың он жақ бұрышына көп күткен голын соқты. Алда 18 минут бар. Кака шәкірттеріне есепті теңестіруге де, оны еселеуге де уақыт жеткіліксіз. Алайда 27-минутта біз күтпеген жағдай болды. Шынғыс Есенмановты қарсыластың қақпаққа

ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫ ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ



Алматы Мемлекеттік қуыршақ театры 10 қазанда мерейлі 89-шы маусымының шымылдығын түреді. Бұл маусымға өнер ұжымы халықаралық жүлдемен оралды.

23-27 қыркүйек аралығында Грузияның Батуми қаласында өткізілген «Batumi International Puppet Theatre Festival – 2024» II халықаралық қуыршақ театрлар фестиваліне қатысты. Онда алматылық өнер ұжымы Уильям Шекспирдің пьесасы сарынымен сахналанған «Макбет.

Иллюзия» қойылымын көрсетіп, «Үздік режиссер» номинациясын қойылым режиссері Дина Жұмбабаева иеленді.

Бұл қуыршақ театрлар фестивалінде Қазақстаннан тыс Италия, Испания, Бразилия, Франция, Польша, Гүржістан мемлекеттерінің танымал театр ұжымдары бақ сынап, көрермен назарына қойылымдарын ұсынды.

Ерекше ықыласқа ие болған Алматы Мемлекеттік қуыршақ театры 2024 жылдың 28 қыркүйек-2 қазан күндері аралығында Батуми, Кутаиси, Ахалихе, Боржоми, Тбилиси қалаларында гастрольдік іссапар өткізіп, қазақ қуыршақ өнерін дәріптеп жатыр.

Айта кетейік, 18-22 қазанда театр ұжымы Гродно қаласында өткен IV «Лялька над Нёманом» қуыршақ театрлары халықаралық фестиваліне «Қаздар мен аққулар» (режиссері – Антон Зайцев) ертегісімен қатысып, «Арнайы дипломға» ие болған еді.

ЖАҢА МОНЕТА ЖАРЫҚҚА ШЫҚТЫ

3 қазаннан бастап Ұлттық банк жаңа монеталарды интернет-дүкенінде сатылымға шығарады.



«Шаңырағыңыз шаттыққа толсын» монетасы жер бетіндегі бейбітшілік пен ошақ жылуын білдіреді. «Шаңырағыңыз шаттыққа толсын» деген сөздер адамдар бір-бірімен тату-тәтті өмір сүрсін, үй иелерінде тыныштық пен береке болсын деген тілекке айтылады», – делінген Ұлттық банк хабарламасында.

Монетада терезенің жақтауында жатқан мысықтың суреті бар. Сондай-ақ шаңырақтың, ою мен тағаның суретін де байқауға болады. Бұл монеталар 925/1000 сынамамы күмістен

жасалған, массасы – 31,1 грамм, диаметрі – 38,61 мм, номиналы – 1000 теңге. Тиынның таралымы – 2000 дана.

Коллекциялық монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында номиналды құны бойынша төлемнің барлық түрі үшін, сондай-ақ банк шоттарына есепке алу үшін және еліміздің барлық банктерінде аудару, майдалау және айырбастау үшін қабылдануға міндетті, – деп жазды Ұлттық банк.



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгуль НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Банн ЖАНЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТИНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(717) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4504

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,